2. О награждении многодетных матерей орденом «Материнская слава» и «Медалью матери».
Молодежь совхоза «Калкутты» проводит свободное время в клубе.
Ревматизм, 7 февраля

Восточно-Казахстан областная библиотека

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 27 (4836). ЖҰМА, 7 февраль 1964 жыл. Шығуына XXV жыл. Бағасы 2 тиын.

## Көп балалы аналарды „Ана даңқы“ ордендерімен, “Ана медалі“ медальдарымен наградтау туралы

[illegible]

(Жалғасы бар).



«Қалқутты» совхозының жастары бос уақыттарын совхоз клубында өткізеді. Олар хор үйірмесіне қатысып, ән салады, шахмат, дойбы ойнайды, газет-журналдар оқиды.

Мұнда совхоз жастарынан құралған көркем өнерпаздар үйірмесі тұрақты жұмыс істеуде. Үйірме мүшелерінің мамандықтары әртүрлі. Олардың арасынан мал дәрігері Сабыр Қасеновты, сауыншылар Макен Хабдуалиева мен Бану Рамазанованы жиі кездестіруге болады.

СУРЕТТЕ: үйірмеге қатысушылар қазақтың халық әнін орындауда.

Суретті түсірген А. Праксин.

*Дәрігер кеңесі*

## РЕВМАТИЗМ

Бұл «стрептококк» құртының денеге әсер етуінен пайда болатын, созылмалы ауру. Көп адам оны буын сырқаты, мұнымен тек ересектер ғана ауырады деп жорамалдайды. Ол қате. Ревматизм көбінесе бала шақтан басталады да, кейін жиі қайталай береді. Онымен буын ғана емес, бүкіл дене ауырады, әсіресе жүрек қабына қатты зақым келтіреді. Тұмаумен, тамақ баспасымен жиі ауыратын балалар осы сырқатқа шалдыққыш келеді. Ауру алғаш білінгенде дене қызып, қызу көтеріледі. Аяқтың, қолдың буындары ісініп сырқырайды, үсті қызады, кейде қызаруы да мүмкін. Бұл кезде ол бір буыннан екінші буынға ауыса береді. Адамның тұлабойы ауырлап, тез шаршап,басы ауыра береді.

Дер кезінде дұрыс емдетпесе, ревматизм бірнеше жылда жүрек пен нерв жүйесінің сырқатына соқтырады. Ауру білінісімен баланы дереу дәрігерге көрсетіп, емдету керек. Ревматизмнен толық айығып шығудың басты шарты—тұмау, баспа ауруларынан сақтану, уақытында емдету, баланың денесін шынықтыру.

3. Воспитание поколения – общее дело, 14 февраля



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 33 (4842). ЖҰМА, 14 февраль 1964 жыл. Шығуына XXV жыл. Бағасы 2 тиын.



## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ КӨПКЕ ОРТАҚ

Жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру, олардың сана-сезімін, ақыл-ойын заман талабына, дәуір дәрежесіне сай қалыптастыру— біздің қоғамымыздағы ең басты, күрделі міндеттердің бірі. Коммунизм тұсында өмір сүретін, қызмет ететін ұрпақты тәрбиелеуге партия үнемі, жан-жақты қамқорлық жасап келеді.

Жастарға білім беру, олардың ой-өрісін кеңейтіп, саналы азамат етіп өсіру—мектеп ісі екені белгілі. Бірақ, ұрпақ тәрбиесін тек мектепке ғана жүктеп қоюға болмайды. Әрбір семья, әрбір ата-ана, әрбір коллектив—қысқасы бүкіл жұртшылық бала тәрбиесінен тыс қала алмайды.

Мектеп оқушыларын пайдалы еңбекке баулу, оларға коммунистік тәрбие берудің ең басты факторы болып келді және бола береді де. Мектептің өмірмен байланысын нығайту жөніндегі партия жүзеге асырған көптеген шаралар кәзір өз нәтижесін беріп отыр. Мектеп өмірінде еңбек үлкен орын алды. Балаларға білім беру, оларды тәрбиелеу ісіне жұртшылық кеңінен қатыстырылып келеді.

Күршім ауданындағы Боран он бір жылдық мектебінің (директоры Қ. Нұрғалиев жолдас) оқушыларға білім, тәлім-тәрбие берудегі жұмысы көпке өнеге бола алады. Мектеп коммунистік еңбек коллективі деген абыройлы атаққа ие болу үшін күрес жүргізуде. Бұл игілікті істі, абзал мақсатты жүзеге асыруда педагогтар коллективі жұртшылық көмегіне сүйеніп, солармен бірлесе жұмыс істеп отыр. Мұнда 30 адамнан құрылған ата-аналар комитеті бар. Оның председателі Н. Фоминых жолдас өзіне жүктелген абыройлы да құрметті міндетті — оқушыларға тәрбие беру ісіне жұртшылықты жұмылдыру міндетін мінсіз атқарып келеді. Сабақты нашар үлгіретін немесе тәртіп бұзатын оқушылар кездесіп қалса онда комитет оның ата-анасын шақырып алып, солармен бірлесе, ақылдаса отырып баланы дұрыс жолға салады.

Бала тәрбиесі, сөз жоқ, қиындығы көп, сыры мол іс. Сондықтан оны педагогтар коллективі мен жұртшылық қауымы бірлесе, ынтымақтаса отырып қана ойдағыдай жүзеге асыра алады. Мектеп пен ата-аналар байланысы ешуақытта да үзілмеуі қажет.

КПСС · Орталық Комитетінің секретары Л. Ф. Ильичев жолдас партияның июнь Пленумында жасаған баяндамасында бұл жөнінде былай деген болатын: **«Балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін мектепке, ал өздерінің жауапсыздығының салдарын — қоғамға арта салуға тырысатын ата-аналарды мұндай өрескел қателіктен сақтандыру керек. Мемлекет пен мектептің тәрбиелеуші ролінің артуы балаларды тәрбиелеу жөнінде семьяның жауапкершілігін кемітеді-міс деп ойлауға болмайды».**

Бала тәрбиесі—бәрімізге ортақ, оған жұртшылық болып атсалысайық, — деген екібастұздықтардың тамаша бастамасын дер кезінде іле қолдап, оны өз істерінің негізіне айналдырған коллективтер біздің облыста да көп. Дегенмен, кей жерде бұл маңызды мәселеге әлі де болса өз дәрежесінде мән берілмей келе жатқанын да айтуымыз керек. Мәселен, Таврия ауданының Гагарин атындағы, Шемонаиха ауданының Ушанов атындағы сегіз жылдық мектептеріндегі тәрбие жұмыстарының көптеген кемшіліктері бар. Мұнда оқушылар коллективінің жұртшылықпен байланысы нашар. Ата-аналар мектепке жиі келіп отырмайды, сондықтан да олар өз балаларының сабақ үлгірімі, тәртібі қалай екенін білмейді. Ал бұл мектептерде оқушылардың сабақ үлгірімінің дәрежесі төмен.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы үлкен химияға жол ашты, халықтың әл-ауқатын арттыруда, шаруашылықты өрге бастыруда оның зор роль атқаратындығын көрсетіп берді. Демек мектептерде химия және жаратылыс тану пәндерін оқытуды ендігі жерде жаңа талапқа сай жүргізуіміз қажет. Міне бұл міндетті жүзеге асыруда да жұртшылықтың көмегі керек.

Оқу мен тәрбие бірлігін сақтау—мектеп пен ата-ананың екеуіне бірдей қатысы бар іс. Олардың байланысын нығайта беру үшін мектепте ай сайын ата-аналар жиналысының өткізіліп отырылуы, онда бала тәрбиесінің өзекті мәселелерінің талқылануы тиіс. Осылайша қауым болып қолға алғанда ғана жас жанның бойында абзал қасиет сапаларын қалыптастыра аламыз.

Мектеп тәрбиелеуге емес, оқытуға ғана міндетті дейтін көзқарас та зиянды. Мұны бір-біріне қарама-қарсы қоюдың өзі дұрыс емес. Оқу мен тәрбие арасындағы белгілі алшақтық—кейбір мектептердің әлі де жоя алмай келе жатқан елеулі кемшілігі. Оқу мен тәрбиені біртұтас тасқынға біріктіру кәзіргі басты міндет. Бұл міндетті мектеп коллективтері жұртшылық қауымымен— партия, совет, комсомол, кәсіп одақ ұйымдарымен, ата-аналармен бірлесе отырып қана ойдағыдай жүзеге асыра алады. Ұрпақ тәрбиесі көпке ортақ, одан ешкім де тысқары қала алмайды.

КОММУНИЗМ ТУЫ

3-бет. 14 февраль 1964 жыл.

5. Деревенский плотник. Девушка-чабан, 15 апреля

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және
еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 77 (4886). СӘРСЕНБІ, 15 апрель 1964 жыл. Шығуына XXV жы[л] Бағасы 2 тиын.

жұмысшы.

## АУЫЛ ҰСТАСЫ

Сом денелі, шымыр білек құрыш жан,
Жарқын жүзі секілденген пүліш таң.
Атқан таңмен бірге тұрып әр күні,
Кеш қайтатын әдеті оның жұмыстан.

Нелер істе қайтпас, қайсар, төзімді,
Шеберлігі баурайды оның өзіңді.
Болатыңды маңдай терге суарған
Күшті қолы ерлік іске созылды.

Нұрқадиша МОЛДАБАЕВА,
мұғалім.

## ШОПАН ҚЫЗ

Өңірі, терең сайдың шырыш балау,
Қыраты қызыл гүлден тіккен жалау.
Жусанды, ақ көделі, мөлдір сулы,
Оты мол, жасыл желек ойпаты анау...

Төлі егіз, әрі семіз баққан қойы,
Бұралған тал шыбықтай сұңғақ ,ойы.
Шопан қыз, төңірекке тұр көз тастап.
Өткенге бойлап бір сәт алғыр ойы.

Құшақта өзі жиған гүлден десте,
Гүлменен қыздың жаны бір емес пе?
Еңбекке араласар сонау кезгі,
Әкесі айтқан сөзі түсті еске:

«—Зинашым! Айналайын азаматым.
Сенемін ақтарсың деп әкең атын.
Ісімді менің сүйген алға апар,
Айтатын саған осы аманатым».

Достарын Зияда ісі көп қуантып,
Үш жылдай содан бері өтті уақыт.
Ардақты елі сүйген шопан болып,
Өжет қыз еңбегімен тапты бақыт.

Көбейтті жібек жүнді, семіз етті,
Ақтады Отанына берген сертті...
Сүйсіне қол соғамын еңбегіңе,
О, менің замандасым ер келбетті!

6. В мастерской победителей.
В Кызыл-орде строится здание комбината, 19 мая

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 99 (4908). СЕЙСЕНБІ, 19 май 1964 жыл. Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.

колхоздың ... дәнді дақылдарды жеті күнде ... отырып, ... Бұл жұмыста тракторист Виктор Павлович Анфило-

*Пішен жинауға әзірлік*

## ОЗАТТАР МАСТЕРСКОЙЫНДА

Өткен жылы «Красный Алтай» совхозының коллективі қоғамдық мал азығын әзірлеу ісіне биылғыдай ерте бастан қам жасаған еді. Бұл іс тиісті нәтижесін бермей қойған жоқ. Шаруашылықтың барлық бөлімшелерінде жемшөп қоры жеткілікті болғандықтан мал қыстату табысты аяқталды. Осының негізінде көктемгі төл алу жұмыстарының барысы да ойдағыдай.

Жемшөп болса ет те, сүт те болады. Қоғамдық мал басының онан әрі өркендеуі де осыған байланысты. Өмір тәжірибесі талай рет растаған осы бір шындықты коллектив жақсы түсініп отыр.

Биыл мұнда 60 шөп машинасы, 23 тырма, 9 шөп тасығыш, 14 мая салғыш, 10 шөп тайлайтын машина, 2 сүйретпе және әртүрлі шөп шабуға қажетті саймандар күрделі, жеңіл жөндеуден өтпек. Механизаторлар бұл жұмысты 27 апрельден бастап қолға алды. Қазір 23 шөп машинасы мен 8 тырма, 9 шөп тасығыш пен 2 сүйретпе және бірнеше шөп жинайтын машиналар жөндеуден өтіп, дайын техника сапында тұр.

— Біз бұл жұмысты ары кеткенде 10 июньге дейін толық аяқтап шығуды жоспарлап отырмыз, дейді совхоздың ауылшаруашылық техникасы жөніндегі инженері Г. Гурьянов жолдас, — жөндеушілеріміз тиісті график бойынша еңбек етуде. Жұмыс қарқынды.

Шынында да мастерскойда еңбектің қазіргі барысы жақсы. Токарьлар — Б. Возмитель мен Н. Фидьянов, жөндеушілер—А. Самодоров пен В. Лобанов жолдастар жөндеу жұмыстары басталғаннан бері күндік нормаларын үнемі 110-115 процентten орындап жүр. Бұлар тындырған істің сапасы да ойдағыдай.

Үстіміздегі жылы Красный алтайлықтар қоғамдық мал үшін 15115 мың тонна шөп дайындамақ. Бұл көрсеткіш өткен жылдағыдан 5 мың тонна артық деген сөз. Совхоз да... ларында қазір шөптің шығымы ку... нарлықтай. Соңғы жауған жаун... ның пайдалы әсерінен барлық же... лерде шөп біркелкі қаулап өсіп кел... ді. Мұның өзі шабындықта шабыт... еңбектің шарықтайтын шағы ал... емес деген сөз.

М. ҚАШҚАРБАЕВ
Таврия өндіріс басқармасы.

ЗАЙСАН ӨНДІРІС БАСҚА... МАСЫ. «Кендірлік» совхозын... орталығына орналасқан Макс... Горький атындағы он бір жыл... мектепте. политехникалық о... жүйелі түрде өтеді.

Олар кәмелеттік аттестатпен ... са тракторист, комбайнер, шоф... мамандықтарын меңгеріп, мал ... руашылығы жұмыстарының әр ... ласынан хабардар болып шыға...

СУРЕТТЕ: осы мектептің о... щылары (солдан оңға қарай) ... жамал Елжасова мен Рах... Смекеновалар совхоз шаруа... лығына қолқабыс жасап жүр...

Суретті түсірген А. Пракси...





Қызылорданың солтүстік батысында целлюлоза картон комбинатының құрылысы салынуда. Қызылордалықтар оны химия алыбы деп атайды.

Құрылыста Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ақжан Әбенованың сылақшылар бригадасы үлгілі еңбек етуде. Бұл коллективтің атқарған жұмысының сапасы әрдайым жоғары.

СУРЕТТЕ: **Ақжан Әбенова бригада мүшелері арасында.** (КазТАГ).
**Суретті түсірген: А. Ыдырысов.**

7. О награждении многодетных матерей орденом «Материнская слава» и «Медалью матери».
Недавно открытая школа.
Наше время. На празднике Октября, 23 мая


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 102 (4911). | СЕНБІ, 23 май 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.


Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

## КӨП БАЛАЛЫ АНАЛАРДЫ „АНА ДАҢҚЫ“ ОРДЕНДЕРІМЕН, „АНА МЕДАЛІ“ МЕДАЛЬДАРЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ

(Соңы. Басы өткен сандарда).

**Мусина Қайныкеш** — Самар селолық ауданының Аманкелді атындағы колхозының колхозшысы.

**Нұркасенова Қамаш** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Максим Горький селолық Советі.

**Наурызбаева Нұрилә** — үй шаруасындағы әйел, Зырян селолық ауданының Лесная пристань селолық Советі.

**Нұржақиянова Ұлғиза** — үй шаруасындағы әйел, Күршім селолық ауданының Чердояқ селолық Советі.

**Оспанова Нұржамал** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Қарасу селолық Советі.

**Өжекенова Зүлия** — үй шаруасындағы әйел, Күршім селолық ауданының Боран селолық Советі.

**Овинова Зинаида Иосифовна** — Шемонаиха селолық ауданының Убинск орман шаруашылығының жұмысшысы.

**Омарова Қанан** — үй шаруасындағы әйел, Таврия селолық ауданының Тройницкий селолық Советі.

**Оспанова Рәшкен** — үй шаруасындағы әйел, Самар селолық ауданының Самар селолық Советі.

**Огнева Антонида Ивановна** — үй шаруасындағы әйел, Зырян селолық ауданының Богатырева селосы.

**Раисова Фаиза** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Қара Ертіс селолық Советі.

**Раисова Задаш** — үй шаруасындағы әйел, Күршім селолық ауданының Маралиха селолық Советі.

**Рахманова Нина Парфировна** — үй шаруасындағы әйел, Самар селолық ауданының Палатцы поселкалық Советі.

**Рақымбекова Бәкен** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Қара Ертіс селолық Советі.

**Светочева Елена Григорьевна** — үй шаруасындағы әйел, Күршім селолық ауданының Маралиха селолық Советі.

**Сәменова Күләш** — үй шаруасындағы әйел, Күршім селолық ауданының Қойтас селолық Советі.

**Садықова Күлаир** — үй шаруасындағы әйел, Күршім селолық ауданының Сармоленск селолық Советі.

**Сенькеева Надежда Ефимовна** — үй шаруасындағы әйел, Таврия селолық ауданының Тайынты селолық Советі.

**Сәйдиева Төкен** — үй шаруасындағы әйел, Таврия селолық ауданының Тайынты селолық Советі.

**Сауытбаева Мекеш** — үй шаруасындағы әйел, Таврия селолық ауданының Егінсу селолық Советі.

**Сафонова Мария Николаевна** — май заводының жұмысшысы, Шемонаиха селолық ауданының Краснояр селолық Советі.

**Сүгүрбаева Көргуен** — үй шаруасындағы әйел, Самар селолық ауданының Самар селолық Советі.

**Садуақасова Кәкен** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Максим Горький селолық Советі.

**Садықова Күлжамал** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Қарасу селолық Советі.

**Сарғалиева Мария** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Комсомол селолық Советі.

**Тоқтасынова Мағау** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Ақжар селолық Советі.

**Труханова Вера Ильинична** — Ленин атындағы колхоздың колхозшысы, Самар селолық ауданы.

**Толдыбаева Мүнсіз** — үй шаруасындағы әйел, Таврия селолық ауданының Қанай селолық Советі.

**Тоғызова Рахима** — үй шаруасындағы әйел, Күршім селолық ауданының Қалқұтты селолық Советі.

**Тетепова Қайныш** — үй шаруасындағы әйел, Зайсан селолық ауданының Максим Горький селолық Советі.

**Үйсенбаева Нұрғиза** — «Освобождение» колхозының колхозшысы, Зайсан селолық ауданы.

**Уалиева Нұртай** — үй шаруасындағы әйел, Таврия селолық ауданының Тайынты селолық Советі.

**Үскембаева Бәдижамал** — үй шаруасындағы әйел, Большенарым селолық ауданының Черновинск селолық Советі.

**Оралбекова Қайникамал** — үй шаруасындағы әйел, Самар селолық ауданының Самар селолық Советі.

**Шүкетаева Нұрғапия** — үй шаруасындағы әйел, Күршім селолық ауданының Алексеевка селолық Советі.

**Теметова Мария Марковна** — үй шаруасындағы әйел, Шемонаиха селолық ауданының Верхуба селолық Советі.

**Эхлер Доротей Мартыновна** — XX партсъезд атындағы колхоздың колхозшысы, Шемонаиха селолық ауданы.

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі**
**И. ШӘРІПОВ.**

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының секретары**
**Б. РАМАЗАНОВА.**

# ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН МЕКТЕП

ЖАҚЫНДА Таврия өндіріс басқармасына қарасты Никитинка селосындағы С. М. Киров атындағы он бір жылдық мектеп жаңа оқу үйіне көшті. Ендігі біз осы бір білім ордасының ашылуы тойдумакке үлесіп, салтанатпен етті.

Таңертеңгілік таза ауаны кең жарған тори үніме ауыл ерте оянғандай. Село шетіндегі үш қатарлы қызыл үйге қарай ағылған пионерлер легіне қызыға қарайсың. Міне олар мектеп ауласына сап түзеп тұра қалысты. Салтанатты жиналысты мектеп директоры Артур Яковлевич Зашейловский ашты.

— Негізі біздің мектептің құрылғанына отыз жылдан асып барады. Содан бері бұл ұядан ұшқан түлектердің көпшілігі ғалым, партия, совет аппараттарында қызмет істеп жүр. Айталық филология ғылымының кандидаты, Алматы қаласындағы КазГУ-дың мұғалімі Кенен Азанов, тарих ғылымының кандидаты, маркс-изм-ленинизм институтының қызметкері Әзам Байшинов, журналист, «Қазақстан коммунисі» журналының қызметкері Бекжан Мәдиев, Таврия өндіріс басқармасы партком ының бірінші секретары Николай Степанович Прибосный жолдастардың бәрі де осы мектептен білім алғандар.

Партиямыздың әкелік қамқорлығының тағы да бір жемісті айғағы, мынандай сәулетті білім ордасын сендерге сыйға тартқандығы. Осыған орай жас толқын жеткіншектер, сендер де оқуда озық болуларың керек. Сонда ғана алдарыңнан даңғыл да кең жол ашылады — дей келе, мектеп құрылысына қатысқан еңбеккерлерге, жеті жүзден астам мектеп оқушыларының атынан алғыс айтып, жылы лебіз білдірді.

Бұдан кейін Таврия өндіріс басқармасының партия комитетінің бірінші секретары, осы мектептің бұрынғы оқушысы Николай Степанович Прибосный, мектеп оқушылары мен мұғалімдер коллективін жаңа мектепке кіруімен құттықтады.

**К. ЗӘКЕНОВ.**



Маңғыстау өндіріс басқармасына қарасты «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозындағы мектеп-интернаттағы шопандардың балалары сапалы білім алып, жақсы тынығуда. Мұнда жоғары білімі бар тәжірибелі мұғалімдер сабақ береді.

Мына суретте сіздер көріп отырған алтыншы кластың оқушысы **ЖАҢЫЛҚАН АҚМОЛДИНА** пианинода ойнауды ұнатады.

## *Сәкен творчествосынан*

## Біздің дәуір

Шабуыл біздің дәуір емес аян,
От арба алып ұшты, қалып маяң.
Жүйткіген тұрмыс қазір экспресс,—
Айтқандай менің досым ақын Аян.

Ескілік жаңалықпен қылған тірес,
Ескіні көміп жерге қоймақ крес.
Тұрмыстың машинасы қыж қайнайды
Жүйіткиді социалдық экспресс.

Жырласам—әуелекше ырғиым ғой,
Тәтелеп көк садақша сырғиым ғой.
Қазіргі ат әулек пен экспресс,—
«Гүл қылаң» дегенім, тек бір киім ғой.

Жырласа тұрмыс өзің илерме едің?
Асықпай ырғалаштап игермедің?
Жырлаған экспресс тұрмыс-түрін
Жазуға асықсам да үлгірмедім!

## Октябрь мерекесінде

Октябрь десе-көкке қанат жаям,
Тіл жетпес сәулетін тек қылып баян.
Дүниені қалтыратқан Октябрьдің
Істері кереметті әлемге аян!

Қарақшы шам шырақтай жанған биік
Әлемге жөн сілтеген көкке тиіп.
Октябрь туған күнге еңбекші әлем,
Шаттықпен сәлем қылар басын иіп.

Суреттеп тіл жетпейтін істер анау,
Болар ең санасаң, тек қызыл танау.
Октябрь жемістерін таңырқарлық
Қажатпа, тұра салып тілмен санау.

Күлетін ойын керек көңіл шатқа
Әсемді тұрман керек сылаң атқа.
Күй шертіп мерекеде билеу керек
Келемеж, сықақ айтып жау мен жатқа.

9 ноябрь 1934 жыл.

## Үгіт

Өңкей залым—«сен бұзғыш!»—
Дейтін-ақ шығар өзіңді.

Залымнан қорлық көрдім деп,
Бола ма, құрбы, мұңайып.

Залым—адам қапқан, ит
Итке салар кім айып.

Жауыз, залым дұшпандар
Пайғамбарға оқ атқан.
Пайғамбарды «бұзғыш» деп,
Тобынан қуып,.., атқан!

8. Школьный музей, 26 мая

...областная библиотека имени А. С. Пушкина

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 104 (4913). | СЕЙСЕНБІ, 26 май 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.



## МЕКТЕП МУЗЕЙІ

Бәрі де сол бір сабақтан басталды. Төртінші класта тарих сабағында оқытушы Зинаида Павловна Колмакова оба қазу жөнінде қызықты әңгіме йтып берді. Мұны білгеннен кейін оқушылар өз аудандарында да обалар бар екендігін айтты. Сөйтіп олар экскурсияға шықты.

Сонымен, мектеп оқушыларының археология жөніндегі еліміздің белгілі мамандарымен хат алысулары басталды. 1961 жылдың жазында арнаулы экспедиция келіп, қазу іске кірісті. Археологтарға жас өлке-танушылар көмекке келді. Сол жылдың жазында бір оба қазылды. Бұл обаның екі қабатты қабырғасы бар болып шықты. Осы жерден табылған заттар оқушыларды қызықтырып әкетті. Жас өлке танушыларға сонау ерте кездегі адамдар өмірлерінің беті айқарыла ашылды. Табылған заттар олардың еңбегін, тұрмысын аңғартты.

Сонымен, оқушылар мектеп жанынан өлке-тану музейін ұйымдастыруды ұйғарды. Музей өткен жылдың март айында ашылды. Бұл күн тек мектеп оқушылары үшін ғана емес, бүкіл село жұртшылығы үшін мерекелі күн болды. Қазір музейдің бірнеше бөлімдері бар. Мұның ішінде археологиялық бөлімде қойылған заттар ерекше көңіл бөледі. Оған оқушылар тапқан бағалы заттар қойылған.

Ю. АФАНАСЬЕВ.

Қатонқарағай селосындағы Ленин атындағы орта мектепте соңғы бірнеше жылдан бері өлке тану музейі жұмыс істейді. Оны мектеп оқушылары ұйымдастырған Музейге қойылған экспонаттардан селоның тарихымен жан-жақты танысуға болады.

СУРЕТТЕ: өлке тану музейінің жұмысын жақсартуға белсене қатысып жүрген мектеп оқушылары (солдан оңға қарай): Лев Имошин, Вячеслав Шаферов, Лида Соболевская, Катя Серебряникова, Женя Прядко және Сережа Серебряников.

Суретті түсірген А. ЧИЖИКОВ.

9. Труд приносит славу, приводит к достатку, 27 мая



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 105 (4914). | СӘРСЕНБІ, 27 май 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.



Еңбек даңқ шығарады, ауқатты тұрмысқа жеткізеді. Мұның мысалдарын Зайсан өндіріс басқармасының «Зайсан» совхозынан да келтіруге болады.

Ағайынды шопандар Семен мен Самарқан Жаңғозиндер қажырлы еңбегімен өнегелі болып отыр. Олардың семьялары мәдениетті де ауқатты тұрады. Соңғы уақыттың өзінде радио қабылдағыш, кілем, іс машинасы сияқты құнды заттар сатып алды.

СУРЕТТЕ: Жаңғозиндердің семья мүшелері радио қабылдағыш арқылы еліміздегі және шетелдерде болып жатқан жаңалықтарды тыңдауда.

Суретті түсірген Т. Бергалиев.

10. Тяжелая работа по стрижке овец, 30 мая

Восточно-Казахстан... библиотека

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 107 (4916). | СЕНБІ, 30 май 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.

# Қой қырқу пункттерінде еңбек қызды

«Күршім» совхозында қой қырқу басталды. Быыл Совет фермасының ірілендірілген пунктінде 19100 қой қырқылады. Аға шопан Құмарқан Ахметжановтың отарында қырықтықтың алғашқы күндері жақсы нәтиже көрсетті. Қой басы 3,7 килограмнан жүн қырқылуда. Бұл жоспардағыдан әлде қайда артық.

Қырықтықшы Аманкелді Бұтабаев қызу еңбек үстінде. Ол 105 килограмм орнына күн сайын 120-130 килограмнан жүн қырқып жүр.



СУРЕТТЕ: қырықтықшы А. Бұтабаев пен таразышы Т. Бұтабаева.

Суретті түсірген А. Праксин.

## ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ

КАТОНҚАРАҒАЙ. «Черняховский» совхозының Жаңатілек селосында екі жылдан бері қой қырқатын ірілендірілген пункт жұмыс істеуде. Ойдағыдай жабдықталған пункт ауласында қой қырқуды табысты атқару үшін барлық жағдайлар жасалған. Алынған өнім сапасы мен сорты бойынша қойылатын бөлек орындар бар. Аула еденіне түгелдей цемент төселген.

Пунктте 70-тен астам машина жұмыс істейді. Агрегаттар жөндеуден сапалы өткізілген. Оған совхоздың майталман механизаторларының бірі—Леонид Ушаков жолдас басшылық етті.

Совхозда быыл 29 мың қой қырқылмақ. Ірілендірілген пунктте бұл жұмысты қысқа мерзім ішінде толық аяқтап шығуға мүмкіншілік толық.

## АЛҒАШҚЫ КҮНДЕРІ

...КҮРШІМ. (Өз тілшімізден). ...рма орталығы — Вознесен... селосында қой қырқу өтіп ...тыр. КПСС XXII съезі атын... совхоздың атақты шопаны...

есеппен үш килограмнан астам жүн қырқылуда.

Мұнда 20 адам осы жұмыспен шұғылдануда. Олар қой ... әрі кеткенде 10-15

11. В детском саде, 31 мая

Восточно-Казахстанская областная библиотека имени А. С. Пушкина

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 108 (4917). | ЖЕКСЕНБІ, 31 май 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.



«АЛ, САПАРЫҢ ОҢ БОЛСЫН».
Фотоэтюд А. Праксиндікі.

## БАЛАЛАР БАҚШАСЫНДА

Өскемен қаласының нақ ортасына орналасқан осынау еңселі биік ақ үйден балғын бөбектердің шат күлкісі мен әсем әндері бір толастап көрген емес. Күнде таңертең олар осында келіп кеш түскенше уақытын қызықпен өткізеді. Олардың арасында әр ұлттың балалары бар. Бәрі бір семьяның баласы тәрізді, тату жүреді.

Бұлар қаладағы № 1 балалар бақшасындағы мектеп жасына дейінгі тәрбиеленуші балдырғандар. Бұл балалар бақшасының құрылғанына отыз жылдан аса уақыт өтіпті. Осы мерзім ішінде жүздеген бала тәрбиеленіп шықты мұнан. Олардың көпшілігі кейіннен орта мектептерді ойдағыдай бітіріп, өмірден өз орнын тапты.

—Менің тәрбиемде 35 бала бар дейді, — Валентина Александровна Чернякова жолдас. Олардың көпшілігі кәзірдің өзінде-ақ ән салу, тақпақ айту, би билеу өнерін үйреніп алды.

Айтса айтқандай. Әне, бір топ бала «Бейбітшілік жыры» атты әнді нақышына келтіре орындауда. Тәрбиешілер Е. Карташева, Л. Лазарова жолдастар олардың сүйкімді үнін құмарта тыңдап қалыпты.

Тәрбиешілер балаларды әртүрлі еңбек дағдыларына үйретуде. Олар пластилиннен сан алуан бейнелер жасап, қағазға суреттер де салады. Мұның өзі сырттай қарағанда ұсақ-түйек істер көрінуі мүмкін. Ал шын мәнісінде тіпті де олай емес. Алыс жол адымнан басталады дегендей, олардың еңбекке деген қадамы осы балалар бақшасынан басталып жатқан тәрізді.

С. МАМАЕВ.

12. Пусть не смолкает детский смех, 31 мая



Восточно-Казахстанская областная
БИБЛИОТЕКА
имени А. С. Пушкина

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 108 (4917). | ЖЕКСЕНБІ, 31 май 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.

\



# КҮЛКІСІ СӘБИЛЕРДІҢ ТИЫЛМАСЫН

Балалар әлемнің барлық халқының үштен бір бөлегі — оның болашағы, оның қуанышы, оның алдағы үміті. Бұдан 15 жыл бұрын, 1949 жылдың ноябрінде халықаралық демократиялық әйелдер федерациясы жаздың бірінші күнін балаларды қорғау күні деп жариялау жөнінде қаулы етті. 1 июнь балалардың денсаулығын сақтау, оларға тәрбие беруді және біліммен қаруландыруды жақсарту, олардың бақытты болу правосы үшін ізгі ниетті адамдардың күрес қорытындысын байқау күні. Совет Одағында 1 июнь — жарқын да қуанышты мейрам.

Коммунистік партия және Совет үкіметі балаларымыздың денсаулығы күшті, талапты, табанды, ержүрек, әр іске шебер, еңбек сүйгіш, коммунизм құрылысшыларының лайықты буыны болып өсуіне аталық қамқорлық көрсетеді. Социализм елдерінде не жақсының бәрі балаларға арналады. Олардың денсаулығын сақтауға, білім беруге коммунистік рухта тәрбиелеуге орасан көп қаржы жұмсалады. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы қабылдаған «Баланың правосы туралы декларацияда» балалардың бақытты балалық құруға правосы салтанатпен жарияланды. Бірақ бұл «декларацияның» принциптері капиталистік елдерде өрескел бұзылады. Онда осы күнге дейін миллиондаған балалар ашаршылықтан, аурудан, шамадан тыс жұмыстан өлімге ұшырайды, қараңғы түнекте күнелтеді.

Отар және экономикалық жағынан нашар елдерде балалардың жағдайы тіпті жаман.

Империалистер жастардың сана-сезімін уландыруға тырысып, оларға халықтарға жау, өшпенділік рухында тәрбие беруге құштар, жастарды өздерінің басқыншылық жоспарларын орындауға қолшоқпар етіп пайдаланғысы келеді. Бірақ дүние жүзі халықтары өз балаларын жаңа соғыс қатеріне құрбан еткісі келмейді. Барлық континенттерде бейбітшілік жолындағы қозғалыс өсіп, кеңейе түсті. Бейбітшілік сүйгіш күштердің табыстары 1963 жылы июнь айында болып өткен Москвадағы бүкіл дүниежүзілік Әйелдер конгресінде анық көрінді. Совет Одағы жаппай және толық қарусыздану, атом қару-жарақтарын сынауға тыйым салу жөнінде талаптар қойды. Балалар үшін миллиондаған адамдар күрес жүргізіп келеді. Бүкіл жер шарында балалардың денсаулығы күшті, бақытты болуы үшін, олардың тыныштығы үшін күреске бірауыздан бекем бел байладық, дейді әйелдер.

Совет Одағында аналар мен балалардың денсаулығын сақтау жолында 37 мың дәрігерлер қызмет етеді. Өткен жылы елімізде үш миллионнан аса балалар сегіз жылдық мектепті, 90 мыңға жуық оқушылар он және он бір класс бітіріп шықты. Он миллионнан аса балалар арнаулы балалар бақшаларында, яслилерде тәрбиеленеді. Балаларды қорғау жолындағы күрес бұдан былай да кең өріс ала береді.

Күршім өндіріс басқармасына қарасты Совет фермасының мал отарында тұратын Өке Зәкенов қазір небәрі бес жаста. Ол осыдан алты ай бұрын шахмат ойнауды әкесінен үйренген еді. Осы мерзімнің ішінде спорттың бұл тамаша түрін Өке ойдағыдай меңгерді. Жақында ол совхоз директоры А. Сәбековті, жергілікті тұтынушылар кооперациясының жұмысшысы М. Сухомлиновті және басқа да тәжірибелі шахматшыларды жеңді. Оның бұл тамаша дарындылығын ауылдастары зор мақтаныш етуде.
СУРЕТТЕ: ӨКЕ ЗӘКЕНОВ.

БАУЫР

13. Счастье ребенка, 31 мая



Восточно-Казахстанская областная библиотека имени А. С. Пушкина

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 108 (4917). | ЖЕКСЕНБІ, 31 май 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.



# БАЛДЫРҒАН БАҚЫТЫ

Ертең — балаларды қорғаудың халықаралық күні

## КҮЛКІСІ СӘБИЛЕРДІҢ ТЫЙЫЛМАСЫН

«АЛ, САПАРЫҢ ОҢ БОЛСЫН». Фотоэтюд А. Праксиндікі.

## ҚУАНЫШ

Аулаға кірсем алдымнан,
Жүгіріп қарсы шығасың.
—Әкелдің бе, аға, «Балдырған»
— деп күлімдеп тұрасың.

Осы кезде жүрегім,
Еріксіз балқып өзіне.
Тоймайтын қанша сүйемін,
Құшақтап тұрып төсіме.

Әскерхалық МОЛДАХАНОВ.

## БАЛАЛАР БАҚШАСЫНДА

С. МАМАЕВ.
Өскемен.

## БҮГІНГІ ТІЛЕК

Ойнаған төскейінде ала сағым,
Түсіндей әшекейлі алашаның.
Күн сүйіп пок жүзімді өтті менің.
Далада қайталамас бала шағым.
Атылған дауысынан зеңбіректің
Балалық ұмыт болды жер дір етіп.
Шықтым мен қызған еңбек
майданына,
Еркімді жалау етіп желбіретіп.
Еркімді жалау етіп желбіретіп,
Жаныма дарыды да ержүректік.
Кірпіш боп өз орныма қаландым
мен,
Арындап тау суындай мөлдіреттіп.
Ұмыт боп балаға тән ерке қылық,
Соғыпан кеттім қойдың ерте
тұрып.
Тәтті ұйқым бір қанбай-ақ
еңбектендім,
Жыртылған етек-жеңді кейте
түріп.
Фашистер соғыс өртін қойған
шақта-ақ,
Әр секунд өз ісімді ойға сақтап.
Даладан шаршап, шөлдеп келсем-
дағы,
Жүгірдім түс кезінде қой
қосақтап.
Еңбекке белді бекем байлап
бірден,
Бойыма жинап алып қайратты
мен.
Майданға жіберуге қойдан
сауған,
Сүтінен ірімшік те қайнаттым
мен.
Білмедім қиындықтан бойды
іркуді,
Шын аңсап жауды мүлдем
жойдыртуды.
Солдатқа шинельдікке жүн
жібердім,
Үйреніп қол қайшымен қой
қырқуды.
Мен ғана емес, барлық дос,
құрдастарым,
Шын аңсап бейбіт өмір нұрлы
аспанын.
Ұмытып балалықты осылайша,
Құлшынып еңбек жолын бір
бастадық.
...Зымырап әр тәулігім
қызықпенен,
Нұрлы өмір айдынында жүзіп
келем.
Қолдасып достарыммен әр қашан
да,
Қамалын қиындықтың бұзып
келем.
Соғыссыз атып таңым, батып
күнім,
Ғылымның мол ләззатын татып
бүгін,
Адамы космосқа ұшқан елде
туған,
О, достар, мен не деген
бақыттымын!
Қайғыдан енді адамдар
күрсінбесін,
Көздерге мұңды жастар
іркілмесін.
Шаттықтың шалқарында шалқып
өсіп,
Жүректер қуаныштан дүрсілдесін.

Кеңебек ҚАЛИЕВ.

СУРЕТТЕ: кезекші Галя Измайлова өзінің құрбысы Таня Гавриловаға шай беріп, силап отыр.
Суретті түсірген Э. Брюханенко.
ТАСС-тың фотохроникасы.

## Алтай арасы

Шағын фельетон

## АПЫР-АЙ, Ә!

## Ойын те...

14. Учитель школы села «Медведка» Большенарымского района Майра Беркутбаева прочитала интересную лекцию.

В школе им. Жамбыла много талантливых детей, 3 июня

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

110 (4919). | СӘРСЕНБІ, 3 июнь 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын. Шығуына XXV жыл.



Большенарым ауданы, Медведка селосындағы сегіз жылдық мектептің оқытушысы Майра Бүркітбаева жолдас халық арасында қызықты, мазмұнды лекция оқып, зор абыройға ие болды.

**СУРЕТТЕ: МАЙРА БҮРКІТБАЕВА** жолдас ауыл шаруашылығын химияландыру жайында лекция жасап тұр.

Суретті түсірген **М. Полосухин.**



Өскемендегі Жамбыл атындағы он бір жылдық мектеп-интернатында он саусағынан өнер тамған өнерпаздар көп. Мектеп-интернат көркемөнерпаздарының өнерлерімен телевизор көрушілер де жақсы таныс. Биыл мектеп халық аспаптар үйірмесі коллективінің телевизор арқылы берген концерті табысты өтті.

Халық аспаптарында жақсы ойнайтын жас талапкерлер қатары үнемі өсуде.. Олардың 10 класс оқушысы Әлия Ыбыраева сияқты өз «ұстаздары» да бар.

**СУРЕТТЕ:** он класс оқушысы Әлия Ыбыраеваның «Балбырауын» күйін тартып отырған кезі. Төменгі класс оқушылары «біз де осылай тартсақ» деп ұйып тыңдап отыр.

Суретті түсірген **Т. Берғалиев.**

## *Менің інімді көргендер болса...*

1937-1939 жылдары мен Зайсан қаласындағы балала[р] үйінің тәрбиесінде болдым. Менімен бірге осында інім Қаб[]дылқани да болған еді. 1939 жылы балалар үйінен шығ[ып] Күршім ауданының Архиповка селосына келдім. Ал ін[ім] Қабдылқани сол балалар үйінде қалған еді.

1940 жылы Зайсан балалар үйі жабылып, ондағы бал[...]

15. В совхозе «Красный Алтай» пункт по стрижке овец называется шерстяная фабрика, 9 июня


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 114 (4023). СЕЙСЕНБІ, 9 ИЮНЬ 1964 жыл. Шығуына XXV жыл. Бағасы 2 тиын.


...дан да жоғары. ... Нэсиолда Нұрпейісов жолдастың отарын айтуға болады. Мұнда 634 кой бар. Осы койлардың әркайсысынан орта есеппен Нэсиолда 3,7 килограмнан жүн алды. Ал, Қабылғажы Аманжолов жолдастың отарындағы койлардан өндірілген жүннің мөлшері бәрінен жоғары. Озат шопан кырыктыктан өткен 670 бас бойдак койдың әркайсысынан 4,7 килограмнан жүн өндірілуін камтамасыз етті. Сондай-ак комсомол мүшесі Саканов Шәкеннің бағуындағы саулыктардан өндірілген жүннің мөлшері де аталған шопандардың нәтижесінен кем емес.



«КРАСНЫЙ АЛТАЙ» СОВХОЗЫНЫҢ КОЙ КЫРКАТЫН ПУНКТІН ЖҮН ФАБРИКАСЫ ДЕП АТАЙДЫ. ОЛ ЛЕНИНКА СЕЛОСЫНДА ОРНАЛАСКАН. СОВХОЗДЫҢ БАРЛЫК БӨЛІМШЕЛЕРІН КАМТИДЫ.

КЫРЫКТЫКШЫЛАР КҮН САЙЫН МЫҢНАН АСА КОЙ КЫРКАДЫ. ОЛАР 29 ОТАР КОЙДЫ 18 КҮНДЕ КЫРКЫП БІТІРЕДІ. ЖАС ЖҰМЫСШЫ БАКАН ӘБИЕВА ӘРБІР СМЕНАДА 70-80 КИЛОГРАМНАН ЖҮН КЫРКУДА.

СУРЕТТЕ: **Б. ӘБИЕВА.**

Суретті түсірген **В. Кутин.**

16. Село становится лучше, 30 июня

БИБЛИОТЕКА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

Шығуына XXV жыл
Бағасы 2 тиын.

№ 129 (4938). | СЕЙСЕНБІ, 30 июнь 1964 жыл.

# СЕЛО КӨРКЕЙЕ ТҮСЕДІ

Соңғы жылдары «Михайлов» совхозында тұрғын үй мен мәдени-тұрмыстық және өндірістік объектілер салу кең өрістей түсуде. Бұған селоларда пайдалануға берілген пәтер үйлер мен магазиндер, клубтар мен мектептер, тағы басқа мәдениет орындары толық дәлел.

Биыл совхоз орталығы одан әрі көркейе түспек. Егер былтыр осы максат үшін небәрі 150 мың сом қаржы босатылса, үстіміздегі жылы 700 мың сомнан астам қаржы бөлініп отыр. Мұның өзі бұрынғы уақыттармен салыстырғандағыдан 4,5 есе көп.

Коллектив тұрғын үй салу жөнінде үлкен жұмыстар атқарып келеді. Өткен жылы село еңбеккерлері үшін екі кабатты сегіз пәтерден тұратын бір үй мен үш тұрғын үй коныстануға берілді. Екінші бөлімшеде бір магазин мен клуб, үш кора салынды.

Жетіжылдықтың алтыншы жылында село құрылысшылары алдына мың шаршы метрге жуық тұрғын үй салу міндеті жүктелген еді. Жұмыстың осы саласында көрнекті табыстар қамтамасыз етілуде. Жаңа жылдан бері бес тұрғын үй пайдалануға беріліп, жоспар орындалып келеді. Бұларды өңдеуде Галина Яковлевна Некрасованың басқаруындағы бригада ерекше көзге түсіп, алдыңғылар қатарында болды. Коллектив үйді сылау, әктеу жұмыстарын жоғары сапада атқарып, күн сайын өндірістік тапсырмасын бір жарым, екі есеге дейін орындап отырды.

Кәзіргі уақытта төртінші бөлімшеде үш тұрғын үйдің қалау жұмыстары атқарылу үстінде. Бұл объектілерде Арсентий Филиппович Дорофеев печ Петр Евстигнеев камтитын бригадалар еңбек етіп, оны тез аяқтау күресіне жұмылған.

Көптеген құрылысшылар қажырлы еңбектерімен танылып жүр. Солардың қатарына Сергей Иванович Зуев пен Афанасий Яковлевич Горовойды қосуға болады. Олардың қалаушылық істен көпжылдық тәжірибесі бар. Мамандықтарын үзбей жетілдіріп, жаңалыққа ұмтылып отырады. Жақсы көрсеткіштерге жетіп, коммунистік еңбек екпіндісі атактарын жеңіп алды.

Құрылыс технологиясын жетілдіру ісінде Сергей мен Афанасий табыссыз емес. Олар ауыр қол еңбегін жеңілдетуге бағытталған үш жаңалық ұсыныс жасап, өндіріске енгізді. Бұдан келетін экономикалық пайда 300 сомнан асып түсті.

Совхозда өндірістік объектілерді салу да батыл қолға алынған. Орталық усадьбада 12 мың бас сиятын шошқа бордақылайтын комплексті ферма салынып жатыр. Оның үш шошқа корасы, мал дәрігерлік пункті мен азық сақталатын қоймасы болады. Бұл жаңа ферма пайдалануға берілген кезде шошқа етін өндіру бұрынғы жылдармен салыстырғанда көп артады. Құрылысшылар тұрғын үйлерді, басқа да өндірістік объектілерді салу қарқынын арттырып, бұл маңызды істе жетістіктерге не бола береді.

**А. ІЛИЯСОВ,**

Шемонаиха өндіріс басқармасы.

17. Имансакып Сапалаков в совхозе «Урыль» 20 лет пасет коней.
Комсомолец Кайсабек Алиханов главный чабан совхоза «Алтай», 5 июля

Восточно-Казахстан... Библиотека имени А. С. Пушкина

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және
еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 133 (4942). ЖЕКСЕНБІ, 5 июль 1964 жыл. Шығуына XXV жы... Бағасы 2 тиын...



Имансакып Сапалаков «Урыль» совхозында (Большенарым өндіріс басқармасы) 20 жылдан аса уақыт бойы жылқы бағып келеді. Ол өз мамандығының тамаша шебері.
СУРЕТТЕ: И. Сапалаков жолдас.
Суретті түсірген **А. Праксин.**



Комсомол мүшесі Кайсабек Әлиқановтың «Алтай» совхозында (Большенарым өндіріс басқармасы) аға шопан болып еңбек ете бастағанына үш жыл толды. Қазір ол шаруашылықтағы әрі тәжірибелі, әрі озат малшылардың бірі. Үстіміздегі жылы оның отарындағы қойлардан жүн мол қырқылды. Қайсабек қазір өз қарамағындағы малдарын жайлауда жайып семіртуде.
СУРЕТТЕ: **Қ. Әлиқанов жолдас.**

18. Обращение участников областного актива медицинских работников ко всем врачам, фельдшерам и акушеркам, начальникам колхозов-совхозов и учреждений Восточного Казахстана.

Защита человека – благородный долг, 8 июля

Восточно-Казахстан облбиблиотека
Б-ИБЛИОТЕКА

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және
еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 135 (4944).
СӘРСЕНБІ,
8
ИЮЛЬ
1964 жыл
Шығуына XXV жыл.
Бағасы 2 тиын.

тыс қалып көрген емес.

## МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ АКТИВІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕРІНЕ, ФЕЛЬДШЕРЛЕРІ МЕН АКУШЕРКАЛАРЫНА, КОЛХОЗ-СОВХОЗДАР ЖӘНЕ МЕКЕМЕЛЕР БАСШЫЛАРЫНА ҮНДЕУІ

Қымбатты жолдастар!

Біз, медицина қызметкерлерінің
облыстық активіне қатысушылар, Қа-
зақстан дәрігерлері IV-съезінің қоры-
тындыларын талқылай келіп, мына
жайларды атап көрсетеміз. Еңбекші-
лерге медициналық қызмет ету ісі,
әсіресе, соңғы жылдары айтарлықтай
жақсарды. Емдеу орындарының саны
арта түсті, көптеген мекемелер үйле-
рі аурухананарға босатылып берілді.
Ауруларға алдын-ала қарсы шаралар
қолдану ісі дұрыс жолға қойылды.
Профилактикалық шаралар кең кө-
лемде жүргізіліп келеді.

Осындай қол жеткен нәтижелерге
қарамастан, еңбекшілерге медицина-
лық қызмет ету ісінде біздің әлі де
бірқатар күрделі мәселелерді шешуі-
мізге тура келеді.

Сол мәселелерді әбден анығына
жете ойластырып алуымыз керек. Ең-
бекшілердің күн санап өсіп келе жат-
қан талап-тілегіне сай қызмет ету
мүддесі осыны қажет етеді. Ісімізде-
гі кейбір шешімін таппай келе жатқан
кемшіліктерді түзету үшін біздің ал-
дағы уақытта көп-көп елеулі шаралар-
ды қолға алуымызға тура келді. Бар-
лық дәрігерлер, фельдшерлер мен
акушеркалар және колхоз-совхоз бас-
шылары, барша жұртшылық қауымы
тізе қосып іс атқарса шешілмейтін еш-
қандай мәселе болмақ емес.

Біз сіздерді қалалар мен жұмысшы
поселкелерінде, совхоздар мен кол-
хоздарда, селоларда, мекемелер мен
ұйымдарда, қоғамдық тамақтану ор-
ындарында және басқа жерлерде са-
нитарлық тазалықты жақсарта түсуге
бағытталған шараларды кең көлемде
жүргізуге шақырамыз.

Барлық жерде де санитарлық мә-
дениетке қол жетуі керек. Бұл үшін
медицина ғылымдарын кеңінен наси-
хаттауымыз қажет. Әр түрлі тақырып-
тарда оқылатын әңгімелер мен лек-
циялар, ғылыми-көпшілік фильмдерін
көрсету ісі талапқа сай ұйымдасты-
рылуы қажет.

Сол оқылатын лекциялардың, әңгі-
мелердің көпшіліктің көкейіне қоным-
ды, тартымды өткізіліп, пайдалы үлес
салмағы мол болуына ерекше көңіл
бөлген жөн. Жұртшылықтың әр жай-
дан хабардар болып отыруы аса қа-
жетті нәрсе.

Профилактикалық шараларды ойда-
ғыдай жүргізіп отыру абыройлы бо-
рышымыз болып табылады. Түрлі ау-
руларға қарсы ұйымдастырылатын
бұл шаралар шешімін тауып отыруы
тиіс.

Қазір колхоздар мен совхоздардың
мал фермаларында, егіс бригадала-
рында, сондай-ақ тағы басқа учас-
токтарда да қызған жұмыс. Берік
жемшөп қорын жасау, егіннен мол
өнім жинау жолындағы күрес барған
сайын кең құлаш жайып отыр. Міне
осы күреске жұмылған еңбеккер
қауымға талапқа сай қызмет ету ме-
дицина қызметкерлерінің кезек күт-
тірмес жауапты да абыройлы міндеті.
Демек, біздің бар күш-жігеріміз осы
тұста атқарылатын шараларды ойда-
ғыдай жүргізуге бағытталған болуы
тиіс.

Жұмысшылар мен инженер-техник
қызметкерлерін техника хауіпсіздігін
онан әрі арттыруға, санитарлық таза-
лықты сақтап отыруға шақырамыз.
Тек сонда ғана жақсы нәтижелерге
қол жетпек.

Ауыл шаруашылығы қызметкерле-
рін улы химикаттармен жұмыс істеу-
де хауіпсіздік сақталуын қамтамасыз
етуге, сондай-ақ сүт фермалары мен
сүт өнімдерін дайындайтын орындар-
да санитарлық тазалық ережелерінің
сақталып отыруына шақырамыз.

Халық ағарту қызметкерлері! Ем-
деу мекемелері коллективтеріне
жан-жақты көмек көрсетіп отырыңыз-
дар. Оқушыларға гигиеналық тәрбие
беру ісін онан әрі жақсарту сіздердің
абзал борыштарыңыз болып табыла-
ды. Жас жеткіншек ұрпақтың дені
сау, жан-жақты жетілген болып өсуі
бәрімізге ортақ іс.

Қалың жұртшылық қауымының,
өнеркәсіп орындары мен колхоз, сов-
хоз, мекемелер басшыларының күн-
делікті көмегіне сүйене отырып, дә-
рігерлеріміздің еңбекшілерге меди-
циналық қызмет етуді онан әрі жақ-
сарта түсуде жаңа табыстарға жете-
тініне кәміл сенеміз.

леті. Үйді-үйді аралап, арнайы байқап
шығу жолымен алдын-ала емдеу ша-
раларын жүргізу аса қажетті іс. Бір-
қатар жерлерде бұл шараның төменгі
дәрежеде жүргізілгендігі анықталды.
Алдын-ала байқау жұмыстарын ұй-
ымдастыруда орын алып келе жатқан
мұндай олқылықтарға ешқандай жол
беруге болмайды. Рак ауруына қарсы
шара қолдану жұмыстары талапқа

19. Группа студентов педагогического института г. Усть-Каменогорска, приехавшая работать в совхоз «Курчум».

В почете у коллектива, 11 июля

Восточно-Казахстанская областная библиотека имени А. С. Пушкина

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

№ 137 (4946). СЕНБІ 11 ИЮЛЬ 1964 жыл. Шығуына XXV жыл. Бағасы 2 тиын.

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

...тан-магний комбинатында ... тыңайтқыштар цехын пайдалануға тапсырады. Белгіленген жоспар бойынша бұл цех осы жылдың үшінші тоқсанында іске қосылмақшы. Мұның өзі ауыл шаруашылығын осындай маңызды тыңайтқышпен қамтамасыз етуге зор мүмкіндік береді.

Құрылыс жұмыстарын «Индусестрой» дың» участогы жүргізуде. Бұл участокты тәжірибелі маман коммунист Ф. П. Худяков басқарады. Құрылысшылар күннен-күнге еңбек қарқынын арттыра түсуде. Быков, Полуэктов, Мещеряков жолдастар басқаратын бригадалар тамаша еңбек етіп жүр.

Петр Иванович Быков басқаратын бригада цехтың кристаллизация бө...



СУРЕТТЕ: «Күршім» совхозына жұмысқа аттанған Өскемен педагогикалық институтының бір топ студенттері: (солдан оңға қарай) Бано Баирова, Гүлзада Сәрсенбаева, Лида Снегирева, Бақты Хасенова, Зайра Нұрғазина және Валя Прихода.

Суретті түсірген А. Праксин.

## Коллектив құрметіне бөленгендер

Жайқалып өскен көк шөп алқабы алыстан көрінді. Бұл «Шілікті» совхозы екінші фермасының шабындығы еді. Мұнда еңбек дабылы бір толастамайды. Пішеншілер мақсатты, қажырлы күрес жүргізуде. Осылардың арасында Елемес Қалиевтің қимылы басқаларға үлгі боларлық. Оның агрегаты әрқашан алда. Тракторына тіркелген бес шалғы көк балаусаны біркелкі таза шауып, жал дегенді болдырмайды.

Бұл күні Елеместің маңдай тер, еңбегі босқа кетпеді. Ол шөп шабу тапсырмасын бір жарым есе орындап, бүкіл коллектив құрметіне бөленді.

Қалиев жолдас—тәжірибелі механизатор. Ол жыл сайын мал азығын дайындауға қатысып, бұл жұмысқа әбден төселіп алды. Қамтуындағы техникасын кідіріссіз жүргізіп, жанар-жағар майлар үнемдеуде елеулі табысқа жетуде.

Еңбек өнімділігін арттыру ісінде Кәшкен Абзалов та аз үлес қосып жүрген жоқ. Оның бір өзі екі жұмыс атқарып, тәулік сайын өндірістік нормасын артығымен орындауда. Бірде шөп шапса, екінші кезекте жинаумен шұғылданады. Бұл жұмыстардың арасында алшақтық болдырып көрген емес.

Дестеге түсіп, дегдіген шөпті маялауда Сапарғалиев жолдас жаман еңбектенбеуде. Ол науқан басталғаннан бері өнегелі ісімен көрініп келеді.

Биыл ферма еңбеккерлері алдына 5 мың гектар шөп шауып, 2735 тонна жем дайындау міндеті жүктелген. Пішеншілердің қазіргі еңбек қарқындарынан жоспардың орындалатындығын айқын көруге болады.

Р. ТҮСІПБАЕВ.

Зайсан өндіріс басқармасы.



21. Счастливые дни в лагере

Нескучные летние развлечения, 25 июля

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 147 (4956). СЕНБІ, 25 июль 1964 жыл. Шығуына XXV жыл. Бағасы 2 тиын.

## ЛАГЕРЬДЕГІ ДУМАНДЫ КҮНДЕР

Тамаша өлке көрінісі ерекше көз тартады. Осы табиғаты сұлу өңірде пионер лагері орналасқан. Балалардың әрбір күндері қызғылықты өтіп жатыр.

Үшінші отряд лагерьдегі үлгілі топтың бірінен саналады. Олар спорт ойындарына қатысуда, қоғамдық істер атқаруда белсенділік көрсетіп келеді.

Мұнда өнерпаз балғындар да көп. Балалар оқу озаты Галя Куликованың орындаған әндерін сүйсіне тыңдайды. Витя Путинцев те жақсы өнерімен танылған оқушы.

Көркемөнерпаздар күшімен концерт жиі-жиі қойылып тұрады. «Әрқашан күн сөнбесін» әні қанат қағып, алысқа самғап жатады. Осында болған кездерінде ата-аналар да өз балаларының өнерлерін сүйсіне тамашалады.

Спорт ойындары да жиі ұйымдастырылып тұрады. Балалар шахмат, дойбы, теннис ойнайды. Отрядтар арасында спорттың осы түрлерімен жарыстар жиі-жиі өткізіледі.

Иә, Самар ауданы совхоздары мен колхоздары жұмысшыларының балалары өз демалыстарын көңілді өткізіп жатыр. Зоя Космодемьянская атындағы бұл пионер лагерінің жұмысы жемісті жолға қойылған. Пионер вожатый Лида Мостовая, тәрбиеші Төлеу Садықова жолдастар пионерлердің демалыстарын көңілді ұйымдастыруда табысты іс атқарып жүр.

(Өз тілшімізден).

## ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ ЖАЛЫҚТЫРМАС

Жасыл желегін жайқалта келген жайдары жаз күндері қандай тамаша десеңізші! Сағал желді тау бөктерлері, сылдырап аққан бал бұлақтар жамылғасы, көк орай шалғын жамылған дарқан дала — міне осының бәрі таптырмайтын дәмалыс орны, жан саясы. Оқу жылын аяқтай салысымен-ақ, облысымыздың мыңдаған оқушылары көрікті жерлерде орналасқан пионер лагерьлеріне демалысқа келді, өлкеміздің тамаша орындарына жорыққа аттанды.

Үстіміздегі жылы біздің облысымызда оқушылардың жазғы демалысын тыңғылықты ұйымдастыруда бірқатар елеулі шаралардың жүзеге асырылғанын мақтанышпен айта аламыз. Мәселен пионер лагерьлерінің саны өткен жылға қарағанда екі есе артты. Қала сыртындағы лагерьдің саны 17-ге жетті.

Мектептерде оқушылардың өндіріс бригадалары құрылды. Олардың алаңсыз еңбек етулеріне, жұмыстан кейінгі бос уақыттарын көңілді өткізулеріне айтарлықтай жағдай жасалды. Атап көрсетерлік бір жаңалық — сегіз жылдық және орта мектептер жанында денсаулық түзеу алаңдарының ашылуы болды.

Зырян, Шемонаиха өндіріс басқармасының комсомол комитеттері денсаулық түзеу алаңдарының жұмысын жемісті жолға қойды. Зырян ауданындағы орта мектептерде совхоз есебінен бір маусымды пионерлер лагері жұмыс істеді. «Никольск» және Чапаев атындағы совхоз еңбеккерлері бұл істе тамаша инициатива көрсетті.

Облысымызда туристік жорықтар мен экскурсиялар әр жыл сайын кең өріс алып келеді. Биыл 25 мыңнан астам оқушы осындай жорықтарға қатысты. 250 оқушы еліміздің бірқатар сәулетті қалаларына саяхат жасап қайтты. Таяуда ғана туристік жолдамамен Самар ауданынан пионерлер тобы Ленинград қаласына аттанды. Әуе-Ал, Зайсан қаласындағы Әуезов атындағы мектептің оқушылары туристік жолдамамен Ташкент қаласына жол тартып кетті.

Зырян, Большенарым аудандарының пионерлері туған өлкеміздің сәулетті орындарына қаншама саяхаттар жасады десеңізші. Оқушылар Бұқтарма теңізінде, Рахманов қайнарларында болып қайтты. Большенарым ауданындағы Ленин атындағы мектеп оқушылары өлке-тану музейін ұйымдастырған болатын. Енді міне мектеп түлектері Алтай өлкесіне археологиялық жорыққа аттанды. Олардың бұл сапардан көп мағлұматтар алып қайтатыны даусыз.

Облыстағы пионер үйлерінің жұмысы барған сайын жақсарып келеді. Мәселен, Самар пионер үйі оқушылардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастырып отыр. Оқу жылының өн бойында жұмыс істеп келген көркемөнерпаздар, суретке түсірушілер, тағы басқа да үйірмелер қазір де іс атқарып отыр.

Солай бола тұрса да оқушылардың жазғы демалысы барлық жерде бірдей дұрыс ұйымдастырылып отырған жоқ. Кейбір орындарда осы маңызды іске жеткілікті мән берілмей келеді. Комсомол комитеттері жоғары класс оқушыларының демалысын ұйымдастыруда бірқатар олқылықтарға жол беруде. Оқушылардан құрылған өндіріс бригадаларының жұмыстан кейінгі уақыттарын көңілді өткізулеріне назар аударылмай отырған жерлер де жоқ емес.

Міне, мұндай кемшіліктерге жол беруге болмайды. Оқушылардың жазғы демалыстарын ойдағыдай ұйымдастыруға барлық жерлерде де мүмкіндік толық. Тек оған халық ағарту қызметкерлері, комсомол комитеттері, қалың жұртшылық қауымы тарапынан нақтылы қамқорлық жасалуы тиіс.

**Ф. АСАНОВА,**

**селолық облыстық комсомол комитеті мектеп бөлімінің меңгерушісі.**

22. Культурное обслуживание трудящихся.

Кандидат в члены партии Даметкен Мергенова шофер совхоза «Каратал», 9 августа

...о-Казахстан областная
библиотека
имени А. С. Пушкина

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және
еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 158 (4967). | ЖЕКСЕНБІ, 9 август 1964 жыл. | Шығуына XXV жыл | Бағасы 2 тиын.

# ЕҢБЕККЕРГЕ МӘДЕНИ ҚЫЗМЕТ

Кәзір диқандар алдында
бір ғана мақсат — бітік өсі-
рілген егінді төкпей-шашпай,
ысырапсыз жинап алу мақса-
ты тұр. Оларға жан-жақты
қамқорлық жасау, ешнәрсеге
алаңдамай жұмыс істеулеріне
жағдай тудыру бірінші кезек-
тегі мәсселе болып табылады.
Облысымызда 70 мәдени-
үгіт бригадасы құрылып от-
ыр. Тек Шемонаиха өндіріс
басқармасының өзінде ғана
12 үгіт бригадасы құрылған.
Ж. Қасиманов жолдас басқар-
ған Верх-Уба мәдениет үйінің
бригадасы кәзірдің өзінде
бірқатар орындарда болып,
дала еңбеккерлеріне мәдени
қызмет көрсетті. Олардың
қоятын концерттерінің про-
граммасы әр алуан. Асқақ-
тата шырқалатын әндерді,
күмбірлеп төгілетін әсем күй-
лерді жұртшылық сүйсіне
тыңдайды. Мәдениет үйінің
директоры Ж. Қасиманов жә-
не «Жданов» совхозының
слесары М. Тимофеев жол-
дастар концертті өте қызғы-
лықты басқарады. Т. Старо-
дубова, А. Архипова, Е. Ан-
дреева сияқты өнерлі өрен-
дердің тамаша шеберлігіне
жұртшылық шынайы риза-
лық білдіреді.

«Ильичев» совхозының № 2
бөлімшесінде де бұл күндері
айтарлықтай жұмыс жүргізі-
ліп отыр. Селолық кітапхана
меңгерушісі И. Т. Бояринов
жолдас қос бастарына жиі ба-
рып тұрады. Мәдени совет-
тің мүшелері еңбеккерлер
арасында СССР Жоғарғы Со-
ветінің төртінші сессиясының
шешімдері жайлы қызықты,
тартымды лекциялар өткізіп
жүр. Көрнекі үгіттің барлығы
да совхоз еңбеккерлері ал-
дында тұрған міндеттерді
паш етеді.

Алтын дән үшін күрес
жүргізіп жатқан село диқан-
дарына өнеркәсіп орталықта-
рынан көптеген мәдени-үгіт
бригадалары келмек. Шемо-
наиха ауданына құрылысшы-
лар мәдениет үйінің коллек-
тиві. Таврияға Өскемендегі
орталық мәдениет үйінің кол-
лективі және басқа да мәде-
ниет бригадалары сапарға
шықпақ.

**Н. ОСАДЧИЙ,**
**облыстық мәдениет басқар-**
**масының инспекторы.**



Партия мүшелігіне кандидат Дәметкен Мергенова «Қаратал» совхозының (Зайсан өндіріс басқармасы) таңдаулы шоферларының бірі.

Бұл күндері ол өз әріптестері Жұмақан Дүйсенбаев, Қайролда Бітімбаевтармен жарысқа түсіп, егін ору жұмыстарында, дән тасу тапсырмасын біржарым-екі есеге жеткізіп жүр.

СУРЕТТЕ: Д. Мергенова кезекті сапар алдында.

Суретті түсірген

Т. Берғалиев.

# МАҚСАТЫМЫЗ АЙҚЫН

Қазір шаруашылығымызда ең жауапты науқан—егін орағы қауырт басталды. Оның қазіргі барысы жаман емес.

Совхоз диқандары биыл 3698 гектар жерге әртүрлі дәнді дақылдар еккен болатын. Міндет, осы егілген егістіктің әр гектарынан кемінде 12 центнерден түсім алып, мемлекет қоймасына 15 мың центнер алтын дән құю және шаруашылықты жоғары сапалы тұқыммен қамтамасыз ету болып отыр.

Бұл үшін басталған орақ науқанын қысқа мерзім ішінде әрі сапалы атқарудың ерекше маңызы зор. Осыны еске ала отырып, біз егін оруды әрі кеткенде 10-15 жұмыс күні ішінде аяқтап шығуды мақсат етудеміз. Бұған

23. Интересный концерт, 11 августа

Восточно-Казахстан. област. БИБЛИОТЕКА им. ... А...

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 159 (4968). | СЕЙСЕНБІ, 11 август 1964 жыл. | Шығуына XXV жыл. Бағасы 2 тиын.

## ҚЫЗЫҚТЫ КОНЦЕРТ

Алексей Куприн жолдас басқарған автоклуб жақында Қойтас ауылына келді. Автоклуб өнерпаздары ауыл еңбеккерлеріне қызықты концерт қойып берді. Оның программасында совет және шетел халықтарының әндері мен билері бар.

Ауыл тұрғындары клуб өнерпаздарының қойып берген ойын-сауығына қатты риза болып, бұл үшін оларға алғыс айтты.

Х. ШАКУОВА,

«Азовка» совхозы, Қойтас ауылындағы кітапхана меңгерушісі.

Таврия ауданы.

25. Первый звонок, 1 сентября



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 174 (4983). СЕЙСЕНБІ, 1 сентябрь 1964 жыл.

Шығуына XXV жыл. Бағасы 2 тиын.



Плакатты жасаған Т. БЕРҒАЛИЕВ

## АЛҒАШҚЫ ҚОҢЫРАУ

Ұзақ жол алғашқы адымнан басталады. Үлкен өмір жолына тұңғыш қадам басқан арманшыл жас сол аяқ алысының жемісті болуын қалайды, биікті меңгейді. **«Енді міне асыға күткен уақыт та жетті. Жас жүрек алып ұшады, сезім толқыны билейді жанымды. Сол өмірімде ұмытылмас ыстық бір уақытты бастан кешіріп, алғашқы сабақты бастап отырмын»,** деп жазыпты өзінің хатында Самардағы Палатцы орта мектебінің оқытушысы Күлсара Серікбаева.

Бұл бір ғана жастың толғанысы емес. Күлсараның 350-ден астам құрбысының да ойлаған ойлары мен алға қойған мақсаттары біреу-ақ, мұғалімдік қадамдарын бір бастап, үлкен жолға бір аттанып отыр. Бұлар — педагогикалық оқу орындарын биыл бітіріп, енді ауыл-селоларымызда жастық жалынмен жұмыс істей бастаған өрендер. Жас толқын, тың күш!

Әрине, олардың әлі жұмыс тәжірибелері аз. Бірақ педагогтар коллективінің жас ұстаздарды өз қамқорлықтарына алатыны даусыз. Осы тұста Н. С. Хрущев жолдастың: **«Әрбір мұғалім осындай ең қымбатты награданы — басқа адамдардың жүрегінде сақталуды үміттенеді. Бізде өлеңге қосып, жырлауға болатын мұғалімдер өте көп. Бұлар — зор білімді қарапайым адамдар, өз мақсатын: коммунизм ісі жолындағы күрескерлерді, азаматтарды және еңбеккерлерді өсіру мақсатын айқын сезінген адамдар»** деген тамаша сөздері еріксіз ойға оралады.

Көп құрметіне бөленген ұстаздар біздің облысымызда да аз емес. Зайсан қаласындағы мектеп-интернаттың оқытушысы Р. Ботақанова, Табрия ауданындағы Манат сегіз жылдық мектебінің мұғалімі Т. Кеңесбаев, Күршім он бір жылдық мектебінің оқытушысы Ф. Зарипова жолдастар өз істерінің шынайы шеберлері болған адамдар.

Міне, өздерінің август конференцияларында өткендегі істерді сарапқа салып, алдағы күнге жоба-жоспар сызып алған мұғалімдеріміз жаңа оқу жылына үлкен шабытпен кірісті. СССР Жоғарғы Советі төртінші сессиясының тамаша шешімдерімен жігерленген олар оқу-тәрбие жұмыстарын алғашқы кезден бастап ұйымшылдықпен қолға алды.

Мектептің өмірмен байланысын нығайту жөніндегі Заң қабылданғаннан бергі уақыт ішінде облыс мектептерінде талай-талай игі шаралардың жүзеге асырылғанын мақтаныш сезімімен айтуға болады. Ең алдымен, мектептердің оқу-материалдық базаларын нығайтуда жақсы табысқа қол жетті. Оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру ісі ұштастырыла жүргізіп келеді.

Облыс халық ағарту қызметкерлері КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің **өндірістік оқу жүретін орта мектептердегі оқу мерзімін қысқарту туралы** қаулысын қуанышпен қарсы алды. Содан туатын өз міндеттерінің қаншалықты жауапты екендігін айқын сезінді олар. Орта білім беруді онан сайын жетілдіре түсу ісі көп нәрсені қажет етеді. Оқуды еңбекпен ұштастырудың барлық түрлерін де кеңінен қолданып отырудың айырықша маңызы бар. Мұны жемісті жүргізуге біздің мүмкіндіктеріміз де толық.

**Жалпыға бірдей сегіз жылдық білім алу — аса күрделі міндет.** Мектеп жасындағы балаларды түгел дерлік оқуға тарту, бірде-бір оқушының мектепті тастап кетуіне жол бермеу — күрделі істің бірі. Жалпыға бірдей міндетті оқу Заңын жүзеге асыруда Зырян ауданында көлемді жұмыстар жүргізілді. Облысымыздың Зайсан, Самар сияқты аудандарында да бұл тұста бірқатар шаралар жүзеге асырылып жатыр.

Үлгірім сапасының жоғары болуы жолында қолдан келгенді істеу қажет. Өткен оқу жылында бізде 870 оқытушы толық үлгірім беріп, барлық баланың да келесі класқа көшуін қамтамасыз етті. Дегенмен, кейбір мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы төмен дәрежеде болды. Большенарым, Күршім, Шемонаиха аудандарында балаларды оқуға тартуда көп кемшіліктер кездесті. Бұған төзуге болмайды.

Көптеген орындарда жергілікті шаруашылық басшылары, партия, совет ұйымдары, жұртшылық мектептерге жақсы қамқорлық жасап келеді. Мысалы, Тавриядағы Киров атындағы колхоздың жұртшылығы жаңа мектеп үйінің құрылысын өз күштерімен жүргізді. Екібастұз қаласы еңбекшілерінің жастарға коммунистік тәрбие беру жөніндегі тамаша бастамалары барлық жерлерде қанатын кең жаюы тиіс.

Міне, алғашқы қоңырау соғылып, оқу басталды. Мұғалімдеріміздің оқу-тәрбие жұмыстарын бұрынғыдан да жемісті жүргізетініне сенім зор. Іске сәт, педагогтар коллективтері!

26. День здоровья в селе, 8 сентября

имени А. С. ПУШКИНА

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 179 (4988). СЕЙСЕНБІ, 8 сентябрь 1964 жыл. Шығуына XXV жыл. Бағасы 2 тиын.

# Селодағы денсаулық күні

Бұл дәрігерлік участоктың қызметкерлері атқарып келе жатқан тамаша істер бүкіл облысымызға белгілі. Участок меңгерушісі Таисия Никитична Ахатчикова, фельдшер Руфина Ивановна Глушкова, акушерка Софья Хайруддиновна Батумбаева және басқалар адамдардың денсаулығы күзетінде қырағы тұрып келе жатқан дәрігерлер. Олардың бәрі де коммунистік еңбек екпіндісі деген абыройлы атақты жеңіп алу мақсатын көздеген. Бар ойлары — жұмысты жақсарту еңбекшілерге медициналық қызмет көрсетуді табысты жүргізу. Олар бұл мақсаттарын іске асыру жолында жақсы табыстарға жетіп келеді. Куйбышев атындағы колхоздың селоларында, міне бес жылдан бері, дифтерия, бруцеллез сияқты аурулардың мүлде кездеспегені — жақсы жұмыстың жемісі.

Таяуда осы Уварово селосында денсаулық күні өткізілді. Бұл мереке Куйбышев атындағы колхоз жұртшылығының еңбектегі жаңа жеңісімен тұстас келді. Олар 30 август күні мемлекетке астық тапсыру жөніндегі социалистік міндеттемелерін абыроймен орындап шықты.



Денсаулық күніне бір ай бойы әзірлік жүргізілді. Енді міне соның баянды етілгенін қуанарлық. Жұртшылық арасында медициналық тақырыптарда лекциялар оқылып, әңгімелер өткізілді, кинофильмдер көрсетілді.

Мерекеге көптеген қонақтар да келген еді. Денсаулық күніне, ең алдымен, Шемонаиха ауданы барлық дәрігерлік участоктарының меңгерушілері шақырылды. Онымен қоса облыстық ауруханаyның терапевті Ирина Николаевна Дадак, облыстық қан құю станциясының дәрігері Клавдия Ивановна Оборина және басқалар да мереке салтанатына қатысты.

Міне, салтанатты жиын да аяқталды. Бұдан соң денсаулық күніне қатысушыларға колхоз көркемөнерпаздар коллективінің күшімен үлкен концерт көрсетілді.

Денсаулық күнін өткізу аса бір игілікті жұмыс болып табылады. Ол біздің селоларымыздың өміріне кеңінен енсін демекпіз.

М. ДЕМИНА,
арнаулы тілшіміз.

СУРЕТТЕ: Шемонаиха санитарлық-эпидемиялық станциясының дәрігері Р. С. Аманжолов жолдастың сөз сөйлеп тұрған кезі. Оның сөзі ықыласпен тыңдалуда.



27. Колхозные профсоюзы, 26 сентября

Библиотека им. А. С. Пушкина

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы

*Шығуына 25 жыл*

№ 191. (5000). | СЕНБІ, 26 сентябрь 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын.

КАЗАҚСТАН КӘСІП ОДАҚТАРЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНДА

## КОЛХОЗДАРДАҒЫ КӘСІП ОДАҚ ҰЙЫМДАРЫ

Қазақстан кәсіп одақтары советінің президиумы республика кәсіп одақтары ұйымдарының колхоз председательдерін, мамандарын және механизаторларын мемлекеттік пенсиямен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтық мәселелері жөніндегі міндеттерін талқылады. Жоғары немесе орта арнаулы білімі бар және мамандығы бойынша колхоз өндірісінің барлық буындарында жұмыс істеп жүрген колхоз председательдері, колхоз мамандары, колхоздардың бас (аға) бухгалтерлері, колхоз механизаторлары (тұрақты қондырғыларда жұмыс істеуші трактористер, комбайнерлер, шоферлер, машинистер, техника жөндеумен және күтумен шұғылданатын, өндірістік мамандығы бар токарьлар, слесарьлар, мотористер, радиооператорлар, электриктер және басқа адамдар) үшін, асыраушысынан айрылып қалған жағдайда жоғарыда аталған адамдардың семья мүшелері үшін мемлекеттік пенсиямен қамсыздандыру және әлеуметтік сақтық тәртібі белгіленді.

Қазақстан кәсіп одақтары советінің президиумы ауыл шаруашылығы және дайындау жұмысшылары мен қызметшілері кәсіп одағының советтеріне, республикалық, облыстық комитеттеріне, өндіріс басқармаларының кәсіп одағы комитеттеріне мынаны міндеттеді: колхоздардағы кәсіп одағы топтары үстіміздегі жылғы октябрьдің 1-не дейін бастауыш кәсіп одағы ұйымдары etіп қайта құрылсын, кәсіп одағының уставына сәйкес колхоздардың кәсіп одақ комитеттерінің сайлауы өткізілсін.

**ЕРЕВАН.** В. И. Ленин атындағы Армян электромашина құрылысы заводының жұмысшысы Оганес Симонянның салған суреттерінен халық творчествосы үйінде көрме ашылды. Әуесқой-суретші өз шығармаларын еңбек адамдарына, туған өлкесіне арнаған.

СУРЕТТЕ: көрменің бір стендісі.

Суретті түсірген **А. Овчинников.**

**ТАСС-тың фотохроникасы.**

28. В совхозе «Карасу» выращиванию коней отводят большое значение.

Коллектив совхоза «Ленина» обязался дать государству 4 тонны молока, 15 ноября



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы

Шығуына 26 жыл

№ 226 (5035). | ЖЕКСЕНБІ, 15 ноябрь 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын.



...атаққа лайық еңбек ете бастады. Жастық жігер тегеуірінді күшін байқатып, әке жүрегін жасартып жіберді.

Бертін келе Қыдырбек Толықбаев сөзі мен ісінде айырма болмайтын белді малшылар сапына қосылды. Жаз жайылымын қоңыр күзге дейін көңілдегідей пайдалану, қыс қамы шаруасын ерте атқару мал басының еселеніп артуына едәуір себепші болатынын Қыдырбек әбден біліп алды.

Бұған мысалды алыстан іздеудің қажеті жоқ. Үстіміздегі жылы шопан жеткен межені сөз етсек те жеткілікті. Толықбаев жолдас қарауындағы 607 саулықты қыстан қонды шығарған-ды. Малды жемшөбінен тұзынан тапшы етпеді. Құнарлы азықтарды ірке, тиімді жұмсап көктемде қойын үстеп қоректендіріп отырды.



«Қарасу» совхозында (Зайсан өндіріс басқармасы) жылқы өсіруге үлкен мән беріліп отыр. Бұл салада еңбек етіп келе жатқан Асқар Илеубаев жылқы өсірудің шебері болып алды.

Бұл күндері Асқар өзіне бекітіліп берілген 700 бас жылқыны шебі шүйгін, суы мол жерлерге тебіндетіп, жоғары қоңдылықпен өсіріп келеді.

СУРЕТТЕ: жылқышы Асқар Илеубаев.

Суретті түсірген Т. Берғалиев.



Алматы облысының «Ленин» овощ-сүт совхозының коллективі өз мүмкіндіктерін есептей келе мемлекетке 4 мың тонна сүт тапсыру жөніндегі міндеттемелерін мерзімінен бұрын — біржарым айдың ішінде орындауды ұйғарды. Қазірдің өзінде мемлекетке 3.800 тонна сүт тапсырылды. Мұнда сүтті электрқондырғымен сауу игерілген. Бұл қондырғыны озат сауыншы Сағатай Бекболатова жақсы меңгеріп алды. Ол бірінші болып өз қарауындағы сиырларын электр қондырғысымен сауууға көшті. Сағатай 9 айдың ішінде орта есеппен әр сиырдан 1.945 килограмнан сүт сауды.

СУРЕТТЕ: озат сауыншылар Е. ҚУСТОВА және С. БЕКБОЛАТОВА Несіп БАЙКҮШІКОВАҒА аппаратпен сүт сауу тәсілін үйретіп тұр.

(ҚазТАГ).

Коммунизм туы 3-бет

15 ноябрь 1964 жыл.

29. Молодой шофер Килыбек Сейтжанов – один из лучших рабочих совхоза «Обухов».

Съезд хирургов Казахстана, 25 ноября




Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің орган

Шығуына 26 жыл

№ 233 (5042). СӘРСЕНБІ 25 ноябрь 1964 жыл. Бағасы 2 тиы




Жас шофер Қилымбек Сейітжанов — «Обухов» совхозының (Таврия ауданы) озат жұмысшыларының бірі. Ол өзінің қарапайым еңбегімен ел игілігін жасауға лайықты үлес қосып келеді. Қилымбек өзіне жүктелген міндетті әрдайым жауапкершілікпен атқарып отырады.

СУРЕТТЕ: Қ. СЕЙІТЖАНОВ жолдас.

Суретті түсірген Т. Бергалиев.

## ЕГІСТІКТІ КҮТЕТІН ҚЫСҚЫ ҚҰРАЛДАР

ЦЕЛИНОГРАД, 20 ноябрь. Тың
Халық шаруашылығы советінің
Тоғызақтағы механика заводы ус-
тіміздегі жылғы программаның
есебіне «СВУ—2,6» маркалы кү-
шейтілген қар жыртқыш—жал жа-
сағыш агрегаттардың соңғы се-
риясын шығаруды аяқтады. Сов-
хоздар мен колхоздар үшін қазақ-
тың ауыл шаруашылығын меха-
никаландыру және электрлендіру
ғылыми-зерттеу институты кон-
струкциялаған осындай қолайлы
және өте берік 2100 тіркеме құ-
ралдар жасалды. Осы құралдар-
дың тиімді пайдаланылуы қысқы
қар тоқтату маусымында гектары-
на 750—1000 тонна ылғал жинақ-
тауға мүмкіндік береді. Диқан-
дардың егісті күтетін барлық дер-
лік қысқы жаңа құралдары Тың
өлкесінің, Сібірдің және Алтай-
дың аудандарына жөнелтілді.

Завод коллективі жыл аяғына
дейін үнемделген металл есебінен
«СВУ—2,6» маркалы тағы да 120—
150 қар жыртқыш жасап шығара-
ды.

## ҚАЗАҚСТАН ХИРУРГТЕРІНІҢ СЪЕЗІ

Алматыда Қазақстан хирургтерінің III съезі төрт күн жұмыс іс-
теді. Съездің жұмысына жеті жүздей делегат және туысқан рес-
публикадан келген қонақтар қатысты. Съезге қатысушылар өкпе
туберкулезін, сүйек-буын туберкулезін, без туберкулезін, бас сүйек-
тің зақымын, ішек ауруын хирургиялық әдіспен емдеу проблемала-
ры жөнінде сексенге жуық баяндама мен хабарды талқылады. Мәск-
ваның, Челябинскінің, Свердловскінің, Красноярскінің, Ташкенттің,
Самарқандтың, Барнаулдың, Қазақстан емдеу мекемелерінің хирург-
тері баяндама жасады.

Съезде Қазақстан хирургтері қоғамының басқармасы сайланды.

(ҚазТАГ).

30. Берикбосын Сакенов окончил в прошлом году Тарбагатайское зооветеринарное училище,
27 ноября



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

Шығуына 26 жыл

№ 234 (5043). | ЖҰМА, 27 ноябрь 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын.



Берікбосын Сәкенов өткен жылы Тарбағатай малдәрігерлік училищесін бітірген болатын. Кәзір ол Большенарым өндіріс басқармасына қарасты «Қазақстанның 40 жылдығы» атындағы совхоздың мал фермасында техник-ұрықтандырушы болып істейді. Мұндағы қойды қолдан ұрықтандыратын пункт үйін жақсы жабдықтауға Б. Сәкенов жолдастың өзі тікелей басшылық жасады.

СУРЕТТЕ: Б. Сәкенов жолдас. Суретті түсірген А. Праксин.

31. О ликвидации запретов использования придомовых участков колхозниками, трудящимися и другими гражданами КазССР» - дополнения и изменения к Уставу о размерах земельных участков колхозников (ЦК Компартии Казахстана и Совет Министров КазССР), 4 декабря


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетіні
және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің орга

Шығуына 26 жыл

№ 240 (5049). ЖҰМА, 4 декабрь 1964 жыл. Бағасы 2 ти


*Казақ ССР Министрлер Советінде*

# ҚАЗАҚ ССР КОЛХОЗШЫЛАРЫНЫҢ, ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ, ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ БАСҚА АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҮЙ ІРГЕСІНДЕГІ ЖЕРМЕН ПАЙДАЛАНУЫНА ДӘЛЕЛСІЗ ШЕК ҚОЮШЫЛЫҚТЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі колхозшылардың үй іргесіндегі жер участоктарының мөлшері мен өз меншігінде мал ұстау нормалары жөнінде соңғы жылдары дәлелсіз шек қойылғанына байланысты ауыл шаруашылығы артелінің уставына енгізілген толықтырулар мен өзгертулерді қайта қарауды колхоздарға ұсынды және үй іргесіндегі жер участогінің шек қоюшылыққа дейін қолданылып келген мөлшерін, мал ұстау нормаларын жергілікті жердің табиғаты мен экономикасының жағдайларын ескере отырып, белгілеуді ұсынды.

Селолық жерлердегі колхоз мүшелері емес азаматтардың семьясына үй іргесіндегі жер участогымен пайдалану мөлшері белгіленді (бұған құрылыстар мен аулалар тұрған жер де кіреді).

Совхоздардың, орман шаруашылықтарының, барлық министрліктер мен ведомстволардың көмекші шаруашылықтарының, ауыл шаруашылығы жөніндегі тәжірибе және оқу-тәжірибе шаруашылықтары мен орман питомниктерінің тұрақты жұмысшыларының, қызметшілері мен мамандарының, ауыл шаруашылығы мамандарының, бастауыш және орта мектептер, ауыл шаруашылығы техникумдары мен ауыл шаруашылығын механикаландыру училищелері директорларының, оқу бөлімі меңгерушілерінің, оқытушыларының, селолық жерлерде орналасқан «Казсельхозтехника» бірлестігінің жөндеу мастерскойлары мен өндіріс орындарының инженер-техник қызметкерлерінің, су шаруашылығы мен гидрометеорология қызметі қызметкерлерінің, медицина қызметкерлерінің, байланыс кәсіпорындары, сүт, май шайқау және сыр қайнату заводтары қызметкерлерінің, совхоздық жұмысшы кооперативтері мен селолық клубтар мен кітапханалар, балалар үйлері, балалар бақшалары мен яслилері қызметкерлерінің, участоктық милиция қызметкерлерінің суармалы емес жерде көлемі 0,25 гектарға дейін және суармалы жерде—0,15 гектарға дейін үй іргесіндегі жер участогымен пайдалануына рұқсат етілді. Аудандық атқару комитеттерінің, ережеден тыс тәртіп ретінде, үй іргесіндегі егіншіліктің іс жүзінде қалыптасқан мөлшерін, сондай-ақ семьяның құрамын ескере отырып, жекелеген семьялар үшін үй іргесіндегі участоктарды суармалы емес жерлерде 0,50 гектарға дейін, суармалы жерлерде—0,20 гектарға дейін арттыруына право берілді.

Совхоздарға және басқа мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіп орындарына айналдырылған колхоздардың қартайған және еңбекке жарамайтын бұрынғы колхозшыларының үй іргесіндегі жер участоктары колхозда пайдаланып келген мөлшерінде сақталады. Қалған жұмысшылар мен қызметшілерді, сондай-ақ қарттардың, мүгедектер мен пенсионерлердің (жоғарыда аталғандардан басқалардың) суармалы емес жерлерде 0,15 гектарға дейін және суармалы жерлерде—0,08 гектарға дейін үй іргесіндегі жер участогын ұстауына рұқсат етілді.

Селолық жерлерде, сондай-ақ қалаларда және қала түріндегі поселкелерде тұратын еңбекшілерге, егер олардың үй іргесіндегі участоктары болмаса немесе бұл участоктардың мөлшері белгіленген нормадан кем болса, меншікті огород егу үшін суармалы емес жерлерде 0,15 гектарға дейін, ал суармалы жерлерде—0,08 гектарға дейін жер участогын бөліп беруге болады. Ал олардың үй іргесіндегі участогы болған күнде үй іргесіндегі участоқ пен меншікті огородтың жалпы көлемі жоғарыда көрсетілген нормадан аспауға тиіс.

Совхоздар және басқа ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өз меншігінде малы бар жұмысшылар мен қызметшілердің жайылыммен және суатпен пайдалануына рұқсат етуге, сонымен қатар қоғамдық шаруашылық үшін пайдаланылмайтын жерлерде жай шөп дайындау үшін участоктар бөліп беруге міндетті. Қоғамдық мал жемшөппен толық қамтамасыз етілген күнде, жұмысшылар мен қызметшілерге жай шөп пен балғын жемшөп сатуға болады. Үй іргесіндегі участоктар мен меншікті огородтарды жырту жұмысында көмек көрсетіп, бұл үшін жұмыстың өзіндік құны бойынша ақы алу ұсынылды. Еңбекшілер депутаттары аудандық советтерінің атқару комитеттері жұмысшылар мен қызметшілерге және басқа азаматтарға мемлекеттік жер қоры мен мемлекеттік орман қорының жерлерінен пішен шабатын участоктар бөліп беруге тиіс.

Еңбекке жарайтын, бірақ қоғамға пайдалы еңбекпен шұғылданбайтын азаматтарды, еңбекшілер депутаттарының аудандық Советтер атқару комитеттерінің шешімі бойынша, үй іргесіндегі жер участогымен пайдалану правосынан айыруға болады.

Партия, совет және ауыл шаруашылығы органдары азаматтардың жерді пайдалану нормаларын сақтап отыруын бақылауды күшейтіп, дәлелсіз шек қою және қоғамдық жерді талан-таражға салу фактілеріне жол бермеуге міндетті. Жердің озбырлықпен басып алынғаны немесе жалға берілгені анықталған күнде, мұндай жерде орналасқан шаруашылықтардың осы участоктарды дереу қайтып алуын және жұмсалған шығынды өтемей-ақ ондағы егінді жинауын қамтамасыз ету керек.


3-бет
Коммунизм туы
4 декабрь 1964 жыл.

32. Здоровье – главное богатство.
Наш советский золотой закон, создающий богатство и дающий направление.
Счастливая семья.
О нормах скота, содержащегося в собственности не членов колхоза.
Весело отдохнули, 5 декабря



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

Шығуына 26 жыл

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы

№ 241 (5050). СЕНБІ, 5 декабрь 1964 жыл. Бағасы 2 тиын.



# Денсаулық—зор байлық

Ақ халат киген адам... Әрқашан да сырқатты кісі оған сондай бір сеніммен, көкейтесті үмітпен, өте бір ерекше ілтипатпен қарайды. Мейірімсіз ажалға қарсы барлық жігерін аянбай жұмсайтын сол адам арпалысқан күрес үстінде өлім жолынан сақтап қалған, сауыққан үлбіреген жасты да, егде тартқан қарияны да аурухананың табалдырығынан шығарып салып, «Сау болыңыз» деген екі ауыз сөзді айтқанда тұла бойы қуанышқа толады, өзінің кешегі кінәратсіз еңбегі көз алдына тағы да елестейді.

Дәрігер, әрбір медицина қызметкері—біздің елде ерекше құрметке бөленген, адам өмірінің тағдыры сеніп тапсырылған адамдар. Халық сенімі біздерге бір жағынан күш-жігер беріп, бойға қуат құйса, екіншіден тәуелсіз талаптар қояды, орасан зор, әрі жауапты міндеттер жүктейді.

Партия мен үкімет медицина қызметкерлеріне әрдайым үлкен қамқорлық жасауда. Сол аталық қамқорлықтың бір көрінісі—еңбекақының өсуі. Қазір, әсіресе, селолық жерлерде жұмыс істейтін медицина қызметкерлерінің еңбекақысы орта есеппен 25 проценттей өсті. Біз бұған тек адал еңбекпен жауап береміз.

Советтік Конституция адамға көп праволар берді. Соның бірі—тегін емделу. Шалғай жатқан біздің аурухананың өзінде жыл сайын жүздеген адамдар тегін емделеді, медициналық көмек алады. Бұлардың басым көпшілігі — «Обухов» совхозының малшылары, төңіректегі ауылдар мен селолардың тұрғындары.

Қазір мал қыстатудың қызу кезеңі басталды. Мұның өзі біздерге де өрелі міндет, өскелең талап қойып отыр. Күні-түні аянбай, нағыз еңбек ететін шопандарға, бақташыларға мінсіз қызмет ету — әрқайсымыздың абыройлы борышымыз, асыл ісіміз, қасиетті борышымыз.

М. МЕРГЕНБАЕВА,
**Тарғын ауруханасының фельдшері.**
Таврия ауданы.



# Байлық жасап, бақ берген, біздің Советтік АЛТЫН ЗАҢ

СУРЕТТЕ: ӨСКЕМЕН КООПЕРАТИВ ТЕХНИКУМЫНЫҢ БІР ТОП СТУДЕНТТЕРІ (СОЛДАН ОҢҒА ҚАРАП) ГҮЛЖИХАН ДОСЫМБАЕВА, АЙГҮЛ НҰРҒАЛИЕВА, СВЕТЛАНА ЛОЙ, НАДЕЖДА НИКИТИНА, МАНАП ҚАДЫРОВ ЖӘНЕ ИВАН ЧЕРЕВКО.

Суретті түсірген А. Праксин.

БАҚЫТТЫ семья! Осы екі сөзде терең мағына, үлкен мазмұн, қуанышты сезім бар. Бұл тегін айтыла салатын бос сөздер емес. Біздің елдің Конституциясында праволарын ...

екендігін аңғартып-ақ тұрды.

—Қазіргі өміріміз бен тұрмысымыз тамаша ғой,—дейді Мұстафин жолдас. — Бұрынғы патша заманындағы қабырғаны қайыстыратын, белді майыстыратын ауыр еңбек, ... келмеске кетті ...

лына ұстаған ойыншық аэропланын жоғары көтеріп қояды. Боранбайдың бәйбішесі Дәрдана да немерелерінің ойындарына мерейленіп, мәзмейрам болып отыр.

— Немерелерімді жаным-дай жақсы көремін, — деді ... Осылардың ара...

мөген еді. Ананың мейірімділігі деген осы емес пе!

Жылдар өтіп жатты. Бұл семья жас түлектерді мәпелеп өсірді. Қолбайы ержеткен жігіт, Қайшасы бой жеткен қыз болды. Қайшаны тұрмысқа шығарды, ұлын үйлендіріп, келінді болды. Мәлендіріп ... асыр салып жүрген ба... неме...

## ОТАН ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Советтік Конституция бойынша қартайғанда мемлекеттен тиісті жәрдем алатындар жыл санап көбейе түсуде. ... қана біздің облысымыз ... ша үстіміздегі жылдың ...

# КӨҢІЛДІ ДЕМАЛДЫ

Ауыл-село еңбеккерлерінің тұрмысы жылдан-жылға жақсара түсуде. Олар не қажеттің бәрімен қамтамасыз етілген. Коммунистік құрылыс міндеттерін жүзеге асыруда қажырлы еңбек етіп жүрген адамдарымыздың демалыс уақытын мәдениетті де көңілді өткізуіне сүйікті партиямыз зор қамқорлық жасауда. Мұның айқын мысалдарын өзіміздің облыс еңбеккерлерінің өмірінен көруге болады.

Үстіміздегі жылы екі мыңнан аса адам әртүрлі курорттарда, санаторийлерде болып, демалып қайтты. Олардың бірқатары шетелдерге туристік саяхатқа барып келді. «Алтай» совхозының жұмысшы кооперациясының қызметкері Қатипа Болатбаева Кисловодск курортында, «Шілікті» совхозының шопаны Айдархан Досанов Арасан-Қапал курортында болды. Сондай-ақ оқытушы М. П. Антропова, дәрігер Т. Самамбетова, есепші П. Капелист жолдастар Герман Демократиялық Республикасына саяхат жасады.

Кәсіп одақтардың облыстық советі алдағы уақытта да ауыл-село еңбеккерлерінің демалыс уақытын көңілді өткізу үшін тиісті шараларды белгілеуде. Келесі жылы кемінде үш мыңға тарта адам курорттар мен санаторийлерде болып, демалып қайтады.

**Г. СОКОЛОВСКИЙ,**
кәсіп одақтардың облыстық советінің бөлім меңгерушісі.

# ...ТЕЛЕЙДІ

... жігіті Гусейн Маметов ...і:

...шін Өскемен мен Баку... айырмасы жоқ. Өз Ота...й түкпіріне барсам да ...ндар құшағына енемін. ...мас туыстармыз. Себебі ...з да, арманымыз да бір, ...рқашан бірге соғады.

...ннің бұл айтқаны заңды. ...нститутқа бірге келген ...ов Салихтан, қазақ жігі... Жантайлақ, орыс жігіті ...одялар бір бөлмеде тұ...қа бірге дайындалады. ... айырылмас достар.

...ртиямыз бен үкіметіміз... тырған аталық қамқор... жүректен шыққан ал... айтқымыз келеді.

**Қ. БОҚАЕВ,**
... педагогикалық институ... үшінші курс студенті.

33. О государственном бюджете СССР на 1965 год и о реализации государственного бюджета СССР в 1963 г., 11 декабря


*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

# КОММУНИЗМ ТУЫ

Шығуына 26 жыл

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің органы.

№ 245 (5054). | ЖҰМА, 11 декабрь 1964 жыл. | Бағасы 2 тиын.


АЛТЫНШЫ САЙЛАНҒАН СССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ БЕСІНШІ СЕССИЯСЫ

## 1965 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН СССР МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТІ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ 1963 ЖЫЛҒЫ СССР МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ

*СССР Финанс министрі депутат В. Ф. ГАРБУЗОВТЫҢ баяндамасы*

қатар халық шаруашылығын ... екі жыл бойы орын-ру жоспарларын қатарынан екі жыл бойы орын-

### Ауыл шаруашылығын қаржыландыру

Баяндамашы ауыл шаруашылығын қаржыландыру туралы мәселеге тоқтап, былай деп көрсетті: ауыл шаруашылығының артта қалушылығын тез-ірек жойып, бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің тиянақты өсуін қамтамасыз ету үшін партия мен үкімет колхоздар мен совхоздарға кең көлем-де және барған сайын еселеген мөлшерде көмек көрсетуде. Биыл жоспарда көзделген сомадан тыс ауыл шаруашылығына көп мөлшерде қосымша қаржы бөлінді. Бұл қаржының есебінен, атап айтқанда, экономикалық жағынан осал колхоздарға үлкен финанс көмегі көрсетілді.

Алдағы жылға арналған бюджетте ауыл шаруашылығына, сондай-ақ колхоздар мен совхоздарды машиналармен, тыңайтқышпен және өндіріске керекті басқа да товарлармен жабдықтайтын өнеркәсіпті өркендету ісіне жұмсалатын қаржыны онан әрі молайту көзделген. Ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржы 1964 жылғымен салыстырғанда 828 миллион сом көбейтіліп, 12,4 миллиард сом болады, оның ішінде бюджеттен 7,0 миллиард сом бөлінеді. Ауыл шаруашылығына жұмсалатын күрделі қаржы 860 миллион сом өсіп, 5,7 миллиард сом болады. Оның үстіне, 1965 жылы колхоздардың өздері бөлінбейтін қорларға түсетін қаржының есебінен, сонымен бірге мемлекеттік несиенің көмегімен көп мөлшерде күрделі қаржы жұмсайды. СССР мемлекеттік банкісінің колхоздарға беретін ұзақ мерзімді несиесі 1965 жылы 19 процент өседі және көбірек жеңілдік жасалған шарттармен беріледі.

Ауыл шаруашылығын өркендетуге бағытталатын орасан көп қаржыны белгіленген мақсатына және мейлінше тиімді жұмсау өте маңызды. Оның бер жағында, бөлінген қаржы бірқатар реттерде толық игерілмей келеді. Мал қораларының соншалық жеткіліксіз болып отырғанына қарамастан, Горький, Киров облыстарында және басқа бірқатар облыстарда мал қораларын салу жоспары канағаттанғысыз орындалуда.

1965 жылы мемлекеттің ирригацияға және жерді шұрайландыруға жұмсайтын шығындары 1,3 миллиард сом мөлшерінде қаралды. Алайда, бұл мақсатқа бөлініп отырған орасан көп қаржы әрдайым онша тиімді жұмсалмай келеді.

СССР Министрлер Советі сонымен қатар, халықтың сүтті және сүт өнімдерін сатып алып отырған бөлшек сауда бағасын өзгертпестен, сүтті сатып алу және өткізу бағасын да 1965 жылғы 1 январьдан бастап арттыруды ұйғарды. Будан бюджетте 720 миллион сом қаржы қаралды. Бағаны арттыру сүт өндіруді молайтуға пайдалы әсер етпек, ол мемлекетке де, сондай-ақ колхоздарға да тиімді болмақ. Қолданылып отырған ережеге сәйкес бюджетте ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспарын асыра орындаған колхоздар мен совхоздарға сыйлық беру үшін қажетті қаржы көзделуде.

Алдағы жылы совхоздарды қаржыландыруға бюджет есебінен және олардың өз қаражаты есебінен 6,7 миллиард сом қаржы жұмсалмақ. Совхоздардың өндіріс жұмысының тиімділігіне ынталыны арттыру мақсатымен бүкіл түскен пайдасының 42 проценті олардың қарамағында қалдырылады. Бұл қаржы совхоздардың шаруашылығын кеңейтуге, қызметкерлердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеуді жақсартуға және сақтық қорларын жасауға жұмсалады.

### ... құрылысты қаржыландыру

34. Заработная плата вырастет, 12 декабря


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер

КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің
және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің орга

Шығуына 26 жыл

№ 246 (5055). СЕНБІ, 12 декабрь 1964 жыл. Бағасы 2 ти


# ЕҢБЕКАҚЫ ӨСУДЕ

Үш миллион төрт жүз мың сом. Міне, бұл қаржы үстіміздегі жылы ауыл-селоларда қызмет ететін медицина мекемелерінің, халық ағарту орындары қызметкерлерінің еңбекақысына қосылатын ақша. Қазір облыста мұғалімдердің, медицина қызметкерлерінің еңбекақысын өсіру жөніндегі дайындық жұмыстары толығымен аяқталды. Тек осы жылғы ноябрь, декабрь айларында ғана бұларға қосымша 400 мың сом қаржы төленеді.

Белгіленген тәртіп бойынша, халық ағарту және денсаулық сақтау орындарының қызметкерлеріне еңбекақы енді олардың жұмыс стажына, біліміне қарай төленеді.

Партия мен үкіметтің еңбекшілерге қызмет етіп жүрген адамдар туралы қамқорлығын көптеген мысалдармен дәлелдеуге болады. Бұл жөнінде бір ғана цифрды атап кетудің өзі жеткілікті. Қазір жоғары кластар оқытушыларының еңбекақысы бұрынғыға қарағанда орта есеппен 25 процент өседі. Ал төменгі кластарда оқытатын мұғалімдердің және балалар бақшалары тәрбиешілерінің еңбекақысы 50 процентке дейін артады. Егер бұрын бастауыш кластардың мұғалімі айына 57 сом алып келсе, қазір егер оның орта дәрежелі педагогикалық білімі болса айына 72 сом алады. Жоғары дәрежелі білімі бар мұғалімдердің айлық еңбекақысы 90 сомға дейін жетеді.

Халық ағарту қызметкерлерінің еңбекақысын тәртіптеу жөніндегі жаңа ереже бойынша қалалық және селолық мектептердегі мұғалімдердің еңбекақысында айырмашылық болмайды. Жұмыс стажы жеткілікті болған мұғалімнің еңбекақысы 67-111 сом болады. Балалар бақшалары тәрбиешілерінің жоғары дәрежелі білімі болса еңбекақысы 90 сомға дейін өседі.

Медицина, сол сияқты әлеуметтік қамсыздандыру орындары қызметкерлерінің де еңбекақысы орта есеппен 23 процент өскелі отыр. Оның үстіне медицина қызметкерлерінің кейбір категорияларына еңбекақы орта есеппен 30-40 процентке дейін арттырылады. Бір ғана мысал келтірейін.

Участоктік ауруханалардың дәрігерлері, егер олардың жұмыс стажы он жылға жететін болса, енді бұрынғы 83 сомның орнына 115 сом еңбекақы алады. Осындай ауруханаларда бес жылға дейін жұмыс істеген дәрігерлердің айлық еңбекақысы 105 сомға жетеді.

Селолық жерлерде жүздеген медицина қызметкерлері аянбай еңбек етеді. Олардың қажырлы еңбегіне село тұрғындары да қатты риза. Партия мен үкімет осындай тамаша еңбектің адамдарына ерекше қамқорлық жасап отыр. Тек селолық ауруханаларда жұмыс істейтін медицина сестраларының еңбекақысы 60 сомнан 110 сомға дейін өседі.

Партияның XXII съезі белгілеп берген Программаны жүзеге асыра отырып, совет адамдары жанқиярлық еңбектің үлгісін көрсетуде. Олар коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасап, еліміздің экономикасын дамыта беру жолында ірі табыстарға жетті. Осының барлығы елімізде халық ағарту, медицина, тағы басқа халық шаруашылығында жұмыс істеп жүрген қызметкерлердің еңбекақысын өсіруге қолайлы жағдай жасады. Мұның өзі партия мен үкіметтің адамдарға деген қамқорлығының тағы да айқын айғағы болып табылады.

З. МОЛДАШЕВ.

селолық облыстық финанс бөлімінің меңгерушісі.

*„Коммунизм туының" дабылынан кейін*

## „КІМ ҚҰЛАҚ АСАДЫ?"

**Осы тақырыппен «Коммунизм туының» 25 ноябрьдегі номерінде жарияланған хатта «Қазақстан» совхозының Жаңаталап селосына автобус жүрмейтіндігі, тұрғындардың бұл жөніндегі тілектері қанағаттандырылмайтындығы айтылған болатын.**

**Зайсан аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Б. Құдабаев жолдас хатта келтірілген фактілердің расталғанын редакцияға хабарлады. Қазір Жаңаталап селосы автобус маршрутына енгізіліп, автобус селоны басып жүретін болды.**


КОММУНИЗМ туы 2-БЕТ

12 декабрь 1964 жыл.

35. Добрые дела.

Главное богатство – здоровье, 19 декабря

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің орга

Шығуына 26 жыл

№ 251 (5060). СЕНБІ, 19 декабрь 1964 жыл. Бағасы 2 т

# ИГІ ІСТЕР

Дәрігерлік пункт қызметкерлері донорларды жылы жүзбен қарсы алуда. Келушінің бір тобы санитарлық-ағарту бөлмесінде. Ортадағы стол үстінде медицина тақырыптарындағы алуан-түрлі листоктар, кітапшалар. Қабырғада «Баланың денсаулығы үшін күресте» атты үлкен фотостенд.

Пункт қызметкерлері «Донор күнін» өткізу сияқты жауапты да құрметті істі жүзеге асырумен қатар өздерінің күнделікті жұмыстарының график бойынша жүргізілуін де қатты қадағалауда. Бүгінгі кезекте жас фельдшер Ұлбала Мұсабекова. Қабылдауға келген науқастарды ілтипатпен қарсы алып, ақыл-кеңесін айтып отырған осы бір қыздың кішіпейілділігіне, байыптылығына іштей риза боласыз.

— Оның ісіне өзіміз ғана емес, осы облыстық ауылшаруашылық тәжірибе-үлгі станциясы орналасқан селоның барша жұртшылығы риза,— дейді пункт меңгерушісі дәрігер Мария Федоровна Потапова.

Фельдшерлік-акушерлік училищені бітіріп, осыдан екі жыл бұрын іске араласқан жас маман еңбек сүйгіштігімен көзге түсті. Көптің құрметіне бөленген Мұсабекова жолдас қызыл крест және қызыл жарты ай қоғамының белсенді мүшесі.

Медициналық пункттің коллективі өз жұмысын жұртшылықтың тілек-талабына сай құрған. Облыстық ауылшаруашылық тәжірибе-үлгі станциясы коллективінің көмегімен салынған еңселі де көрікті үйге орналасқан медициналық пунктті село тұрғындары жақсы біледі.

Пунктте дәрі-дәрмек сататын арнаулы бұрыш жабдықталған. Дәрі-дәрмек сатушысының міндетін пункт қызметкерлері қоғамдық негізде кезектесіп атқарады. Коллектив село тұрғындары арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын кең өрістеткен. Әр қызметкерге белгілі бір участок бекітілген. Мысалы, ара өсіру жөніндегі тәжірибе станциясының коллективін медсестра Раиса Шлемова қамтиды. Жас маман станция қызметкерлерімен донорлық істің мәні жайлы, адамдардың денсаулығын қорғауда тазалықтың маңызы туралы, тағы басқа тақырыптарда әңгімелер өткізді. Шлемованың тынымсыз еңбегінің нәтижесі де айтарлықтай. Қазір станция қызметкерлерінің бәрі дерлік донорлар қатарында. Ал станция орналасқан үй тазалық жағынан үлгі аларлықтай. Биыл пунктте үш жүзден астам адам өз тілектері бойынша қан тапсырып, донор деген құрметті атқа ие болды.

Селодағы сегіз жылдық мектептің оқушылары арасында профилактикалық-емдеу шаралары кезінде жүзеге асырылып тұрады.

Облыстық ауылшаруашылық тәжірибе-үлгі станциясы орналасқан селодағы медициналық пункт қызметкерлерінің бүгінгі игілікті істері осындай. Адам үшін, адам игілігі үшін алдағы уақытта да жемісті еңбек ете беріңіздер демекшіміз оларға.

Т. САДЫҚОВ.

Гүлзипа Рәпиева Күршім ауданының «Коммунистік еңбек» газетінің редакциясында машинистка болып істейді. Ол сонымен бірге көркемөнерпаздар үйірмесінің де белсенді мүшесі. Бос уақыттарында аудандық мәдениет үйінің жанында құрылған көркемөнерпаздар үйірмесіне үзбей қатысып, өзінің әншілік шеберлігімен көп құрметке бөленуде.



СУРЕТТЕ: әнші Гүлзипа Рәпиеваның өлең айтып тұрған кезі.

Суретті түсірген А. Праксин.

# АЛҒАШҚЫ БАЙЛЫҚ—ДЕНСАУЛЫҚ

Н. СЕНЬКОВ,
Казақ ССР Денсаулық сақтау министрі.
(КазТАГ).

36. Хорошая традиция, 26 декабря

*Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!*

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің
және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің орга

Шығуына 26 жыл

№ 256 (5065. | СЕНБІ, 26 декабрь 1964 жыл. | Бағасы 2 т

# ЖАҚСЫ ДӘСТҮР



—Ау, жол болсын!
—Бірге болсын.
—Қайда барасыздар?
—Мәдениет үйіне.
—Е, не болады екен?
—Жаңа туған сәбилердің атын қоямыз.
—Мынау бір жаңалық екен.
—Кеше радиодан хабарлап еді ғой, естімедіңіз бе?
—«Құлақ етімді әбден жеді» деп мына кемпір өшіріп тастап еді радионы.

Жұрт ду күлісті. Ерлі-зайыпты қарттар қайта бұрылып топқа қосылды.

Аудандық мәдениет үйінің еңселі залына адамдар лық толды. Сахнадағы ұзын столдың үстінде шоқ-шоқ гүлдер. Большенарым орта мектебінің директоры Тит Ермилович Самойлов бастаған идеологиялық комиссияның мүшелері, аудандық ЗАГС бюросының меңгерушісі Күлзипа Серікбаева президиум столынан орын алды. Бірінші қатарда мекеме басшылары, партия, кәсіп одақ ұйымдарының өкілдері.

Әлден уақытта қолдарына сәбилерін көтерген жас аналар мен әкелер бірінен соң бірі залға кіре бастады. Жиналғандар қол шапалақтады. Оркестр салтанатты марш орындады.

—Сәулетті болашаққа қарай алға басқан сайын, — дейді Самойлов орнынан тұрып, — тұрмысымызға коммунистік жаңа салт, әдет-ғұрып берік ене бастады. Еңбеккердің туған күнін салтанатты атап өту, кәмелеттік жасқа толу, өмір табалдырығын аттау, үйлену тойларын мәдениет үйінде жұртшылық өкілдерімен бас қоса өткізу біздің ауданымызда тамаша дәстүрге айналды. Енді міне бүгін жаңа туған сәбилерге ат қою салтанатына жиналып отырмыз. Нәрестелі болған ата-аналарды сіздердің атыңыздан құттықтап, бөпелерінің бауы берік, өмір жасы ұзақ болуларына тілектестік білдіруіме рұқсат етіңіздер.

Залда тағы да қол шапалақталды.

— Ерлі-зайыпты Алдаберген мен Роза Бошаевтардың сахнаға келуін сұраймыз.

Алдыңғы қатардан солдат малақайын киген жас жігіт ... түбіт шәлі оранған жас ... сәбилерін көтеріп, орында... нан тұрды. Тит Ермилович А... дабергеннің құлағына сыбы... лап, бір нәрсені анықтағанда... болды.

—Роза мен Алдаберген н... рестенің атын Гүлсім қойды — деп жариялады Самойлов жи... налған адамдарға.

Тағы қол шапалақ... музыка күй орындады.

Аудандық ЗАГС бюросын... меңгерушісі Серікбаева жол... Гүлсімнің туу куәлігін ат... анасына тапсырды. Алдаберг... мен Роза еңбек ететін бай... ныс бөлімі мен тұрмыстық ко... бинаттың өкілдері Тищенко ме... Дашкевич жолдастар ерлі-за... йыптыларды сәбилерімен құт... тықтап, оларға коллектив аты... нан ескерткіш сыйлық тапсы... ды.

Екінші кезекте Алексей Ив... нович пен Тамара Петровна Башкирдердің ұлына ат қойы... ды. Ол Юрий атанды. Сөйті... жаңа туған он бір нәрестен... есімдері қойылды.

Большенарым өндіріс ба... қармасының бастығы Л. ... Пятков, «Қазақстанның ... жылдығы» совхозы парт... ұйымының секретары Хас... Жиындинов және басқала... мұндай жаңа дәстүрге ш... жүректен алғыс білдірді.

Жаңа туған сәбилерге ... қою салтанатының соңын... «Россия туралы ән» филь... көрсетілді. Жиналған жұ... бұған түгел разы болды.

М. БЕЙСЕКЕЕВ.
Большенарым.



ЖОҒАРЫ СУРЕТТЕ: жас нәрестеге арналған сыйлық.

ТӨМЕНГІ СУРЕТТЕ: Бошаевтардың семьясына келген жас нәрестеге Большенарым аудандық ЗАГС бюросының меңгерушісі К. Серікбаеваның куәлік тапсырып, құттықтап тұрған кезі.

Суретті түсірген М. Полосухин.

37. Толеухан Кенжетаев работает механизатором в совхозе «Ярослав» Таврического района, 13 декабря


Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан селолық облыстық комитетінің
және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің орган

Шығуына 26 жыл

№ 247 (5056). ЖЕКСЕНБІ, 13 декабрь 1964 жыл. Бағасы 2 ты



Төлеухан Кенжетаев Таврия ауданының «Ярослав» совхозында механизатор болып істейді. Ал қазіргі қыс маусымында ол бақташы міндетін де ойдағыдай атқаруда. Байырғы малшы Хамза Мешелов екеуі бордақылауға бөлінген 92 өгізшені бағып, күтуде ерінбей еңбек етеді.

СУРЕТТЕ: бақташы Төлеухан Кенжетаев.

Суретті түсірген Т. Берғалиев.